

ШАЙХИСЛАМ /ШАЙХЫМ/ ҚҰНАНБАЙТЕГІ

ЗАМАНА ҮНІ

Екібастьұз қаласы,
2010 жыл

ШАЙХЫИСЛАМ /ШАЙХЫМ/ ҚҰНАНБАЙТЕГІ

ЗАМАНА ҮНІ

**Екібастұз қаласы,
2010 жыл**



Екібастұз қаласының шайыры Шайхым /Шайхыслам/ Хасенбекұлы Құнанбайтегі «Өмір іздері», «Ой тұннығы», «Көңіл лебіздері, «Парасат нұсқалары» атты жыр жинактарының авторы. Тоқсан жастағы қарт акын жана жыр жинағында еліміздегі өзекті мәселелерді көтеріп, ана тіліміздің келешегі, салт-дәстүрімізді дамыту, жастарды жас әдептерден сактандыру жайында ой толғайды.

Өлеңдері тәлім-тәрбиеге толы ақынның жана кітабы оқырман қауымның көnlінен шығады деп сенеміз.

АЛҒЫ СӨЗ

Шайхыислам /Шайхым/ Хасенбекұлы Құнанбайтегі 1920 жылы желтоқсаның 5-жүлдөзінде дүниеге келген.

Бала көзінен қазактын батырлар жырын, кисса-дастандарын оқып есken ол бозбала шакта өзі де өлсөн жазумен әүестенеді. Тұған жер, махабbat такырыбына жазған тырнакалды өлсөндөрі өз көnlінен шыкса да, жарыққа шығаруға жүркесінеді.

Шайхым Хасенбекұлы 1981 жылы зейнеткерлікке шыққан соң, өлеңдерін облыстық «Қызыл ту» /казіргі Сарыарқа самалы/ газстіне ұсынады. Жырсүйер қауым ақынның өлеңдерін жылы қабылдайды. Осыдан кейін ақынның көnlіндеге сенімділік пайда болып, ол өзінің өлең-жырларын Екібастұз қалалық «Отарка», Павлодар аудандық «Нива», «Вести Екибастуз» газеттерінде жариялады.

Ақынның топтастырылған жырлары «Екібастұз өрінде» атты өлеңдер жинағына енди.

2008 жылы Шайхым Құнанбайтегінің «Өмір іздері» атты алғашқы өлеңдер жинағы жарыққа шыкты.

Көп ұзамай ақынның «Ой тұнғыбы», араға жыл салып «Көңіл лебіздері», «Парасат нұскалары» атты жыр жинактары оқырманға жол тартты.

Айта кетерлігі, ақын соңғы кітаптарын өз қаржысына бастирып шығарды. Осы кітаптарын жырсүйер қауымға тегін таратып берді.


Ақынның өлеңдерінеге токталатын болсақ, автордың еткен тарихымызды жаксы білестіні, парасат-пайымының кеңдігі төмөндегі жырлардан көрінеді. Мәселен,

Келеміз сол тарихтан шеру тартып,
Киян-кескі азапты мойынға артып.
Егемендік келген соң қуат алдық.
Тенсіздікті таптадық бір-ак тарпып.

Халқымыз бірде азайды, бірде өсіп.
Шапқыншының колынан қалды өшіп.
Өзі тимей, ешкімге тиіспедік.
Ертіс, Орал, Сыр, Алтайда жүрді көшіп.

Келеміз сан ғасырды баса-көктей,
Достыққа адал болдық ар да төкпей.
Өзі тиссе, сліме токтамаймыз,
Кабыргасын жаулардың тіле сөкпей.

Ақын халқымыздың даналығын, батырлығын, рухының асқақтағын үш шумак өлеңге сидырган. «Өзі тиссе, сліме токтамаймыз», «Кабыргасын жаулардың тіле сөкпей» дег оқырманның рухын көтереді.



Сондай-ак, «Республика күніне» деген өлеңінде

Қорға елдің намысын,

Қазак тілі дамысын.

Халықаралық тіл болып,

Шетел түгел танысын.


-дейді елінің келешегінсә кабырғасы кайысып, алаңдаушылық білдірген тіл жана шыры. Өлең сөздері жеңіл болып көрінгенімен, ойы терен, мәнді.

Сонымен бірге акын өз өлеңдерінде өзекті мәселелерді көтереді. Бұған «Нәрестенді шектеме», «Арактан аулак жүр», «Дінді жат тілмен уағыздама», «Дамыт әдет-салтынды» және т.б. өлеңдері дәлел.

Өлеңдерімен халықты бірлікке, татулыққа шақырыш, ұлттық құндылықтарымызды насихаттаган ақынның жырлары гибратқа толы, оміршең.

Аузы дуалы, батагей аксақалдың жарыққа шықкан жыр жинактары оқырман көңілінен шығары даусыз.

Дария Ертайқызы ЖУМАДІЛОВА,
журналист, Қазакстан Журналистер Одағының мүшесі



Кіші әкесі Асанбек Құнанбаев





Үлкен ұлы Құрманғали немересі Мажитпен



I бөлім

ТАРИХҚА ТАҒЫЛЫМ



РЕСПУБЛИКА КҮНІНЕ

Сөз арнаймын халқыма,
Ұлкен-кіші жалпына.
Егеменге жеткенише,
Талай түстің талқыга.

Енді өзгерді елде хал,
Істі ерлерім қолыңа ал.
Онегелі-ұлтлі,
Ата-баба жолын сал.

Ақылды боп ұл-қызың,
Жарқырасын жұлдызың.
Салт-санамыз түзелін,
Шырайлансын нұр жүзін.

Берік болсын бірлігің,
Өркендесін тірлігің.
Ішкі-сирткы елдерге,
Білінбесін кірлігің.

Шыға берсін әр жылда,
Іскер басшы ер тұлға.
Дәстүр-салтты колдайтын,
Өнеге үрет қыз-ұлға.

Ашық болсын аспаның,
Тың іс болсын ашканың.
Елімнің салт-дәстүрі,
Қызықтырысын басқаны.

Қорға елдің намысын,
Қазак тілі дамысын.
Халықаралық тіл болып,
Шетел түгел танысын.

Ғылымды іске асырсын,
Пайдасы елге шашылсын.
Шетел оку орыны,
Елімізде ашылсын.

Үйреніңдер білімді,
Менгеріңдер ғылымды.
Шендересуге шетелмен,
Жұмса қыз бен ұлынды.



Арта берсін табысын,
Бәйгеде озсын шабысың.
Әйгілі болып әлемге,
Аса берсін дабысың.

Онім артсын елінде,
Шынар шықсын белінде.
Кенінді өндеп пайда көр,
Шет елдерге телінбе.

Бітік егін жиылсын,
Қамбага дән құйылсын.
Егінжайдан алтын дән,
Диқандарға бұйырсын.

Торт түлік мал төл берсін,
Өнімдерін мол берсін.
Көшे бермей қалага,
Ауылга енді жол берсін.


Балыкты қыл суларын,
Қаптасын қаз-куларын.
Орт шалмасын орманды,
Жай қылсын тогай-нуларын.

Асфальт жолдар салынын,
Кен байлыктар алынын.
Нашар тұрган халқымыз,
Мол байлыққа маалынын.

Ауырмасын елде жан,
Азайсын газ, тұтін, шаң.
Таза болсын ластан,
Айнала орта жүрген ман.

Саудалы ел азар ма,
Сауда үдесін базарда.
Қауіпті қытай заттары,
Қатан жүрсін назарда.

Жолға кадам басқанда,
Жолаушылар жасқанба.
Жүйткіп көлік зырласын,
Суда, жерде, аспанда.



Зымыранмен алыска,
Самғандар көк гарышқа.
Зертте жұлдыз әлемін,
Шетелдерден қалыспа.

Жау жерімді баспасын,
Шекарадан аспасын.
Ел қорғайтын ерлерім,
Тыныштықты сактасын.

Жат ұлт толған маңымыз,
Соларға ұқсас сәніміз.
Нәрестені шектеме,
Оспей жатыр санымыз.

Таза ұстандар арынды,
Іске жұмса барынды,
Айырылсып тастама,
Балаң менен жарынды.

Мастар елде толмасын,
Тастандылар болмасын.
Шариғатка бет бұрсан,
Бір Алла өзі колдасын.

Үрлік-зорлық тыйылсын,
Кісі өлтірген киылсын.
Шетте жүрген қандастар,
Өз еліңе жиылсын.

Сыбайласты жойындар,
Жемқорлықты қойындар.
Адал еңбек істе де,
Ырыздықта тойындар.

Даланың құс-андары,,
Табиғаттың жандары.
Жатпен бірге жоймандар,
Азайды оның сандары.

Күшейтіндер тәртіпті,
Арттырындар мәрттікті.
Салт-дәстүрге жат болса,
Сылып таста артықты.

Бағдарландар заманды,
Байқа ерлер, шаманды.
Өз халқынан дайында,
Елге керек маманды.

Саясат пен сайыста,
Білімінді сай ұста.
Жылпос, залым, айлакер,
Шетелдерден кайыспа.

Достарымыз сүйінсін,
Жауларымыз күйінсін.
Көре алмаган дұшианның,
Үміт-ойы қылсын.

Тірек болсын Құраның,
Бірлік болсын ұраның.
Аман болсын әлемде,
Бүкіл түрік-Тұраның.

ЖАМАҒАТТАРҒА АРНАУ

Бісміллаңи сөз басым,
Өмірден ажал озбасын.
Зерделі жан тыңдаңдар,
Айтушы сыр қозғасын.

Дүниеге адам жаралған,
Жер жүзіне тараған.
Еркек, әйел жұп болып,
Бір-біріне кадаған.

Топырактан асылың,
Адамзаттан наслің.
Ойрандайды сананы,
Кесапат-зұлым ғасырын.

Саясат келіп есірді,
Елге әкелді кесірді.
Санаңын улап халықтын,
Үрпағын ойсыз осірді.

Қудалады дінімді,
Дамытпады тілімді.
Арыстарды жау қылып,
Қараң қылды күнімді.

Қыршын кетті бұлбұл да,
Мерт болды асыл дүлдүл де.
Елді ойлаған ерлердің,
Басын жойды әр жылда.

Откен іске жыларсың,
Көздің жасын бұларсың.
Өмірің қамшы сабынданай,
Оған не лаж қыларсың.

Тіршілік болып куресің,
Жанталасып жүресің.
Қуанасың кей кезде.
Қолыңа тисе үлесің.

Толтырып бокқа үйінді,
Қатырасың миынды.
Ар-ожданың жұрдай боп,
Кемітіп алма сыйынды.



Дүние - гауһар жүзіксің,
Башайлап оны кім ұқсын.
Байыған сайын тоймайтын,
Тойымсыз пенде бұзықсың.

Тіршілік-тірлік құрарсың,
Жалғанда шалқып тұрарсың.
Ажал-наубет жеткенде,
Санынды бір күн ұрарсың.

Бақ үшін жұртпен таласып,
Кетеміз кейде адасып.
Аз күндік пәни жалғанда,
Сыйласып жүр жарасып.

Әлсізді шенді қанайды,
Жуасты жемкор талайды.
Қантап жатыр бұзықтық,
Абайласаң маңайды.

Өмірдегі ұл-қызың,
Артта калған бір ізің,
Дүниеден өтерсің,
Таусылған соң сзығың.

Бір-бірімен жалғасып,
Заман жылжыр алға асып.
Өлім мен өмір кезектеп,
Тарихтан келеді арбасып.

Дүниеде адам көріксін,
Тірліке бұлсыз келіпсің.
Әмірімен Алланың,
Кетуге құнсыз еріксің.

Өлмей адам қалмайды,
Қара жер бәрін жалмайды.
Жаралғалы тіршілік,
Осы әдептен танбайды.

Кош айтарсын жалғанға,
Жан шығып, тән қалғанда.
Пәниден бақи кетерсің,
Қабірге әкеп салғанда.

Обал, сауап, парыз бар,
Адамгершілік қарыз бар.
Алласынан сұраған,
Пендерсінде арыз бар.

Аузыңа ал бір Құдайды,
Жаратушы күн, айды.
Алласына сыйынып,
Пендерсіне ұнайды.

Кер дала кербез керілген,
Арызың содан терілген.
Өзіңе тиер үлесің,
Кол қайырына берілген.

Садақа берсең қолыңнан,
Иманың болар молынан.
Адастырмас мақшарда,
Мұсылмандық жолынан.

Біз бір мұшкіл пендеміз,
Мінәжаттан кенденіз.
Кіналі болған құлыңды,
Тәнірім, өзіңіз жөндеп.

Шын берілсе жүргегін,
Құлшылық деп білемін.
Бір Алланы мойындау,
Имандылық тірегін.

Мінәжат қыл жасында,
Тірлік өмір басында.
Кияметте жақынданат,
Хақ пайғамбар қасында.

Киямет қайым болғанда,
Ортага халық толғанда.
Бар мұсылмандар жылап,
Тоғысар бәрі сол маңда.

Көтеріп туын пайғамбар,
Бір Аллаға қылар зар.
Кінәліні кешіріп,
Бір Алла өзі болар жар.

Дүние бұлдыр - бір сағым,
Естеріңе ал бұл жағын.
Бақи мен пәни жалғанда,
Айта-тұғын бұл шағым.

Зерделі, ойлы досым-ай,
Есінде болсын осы жай.
Алма-кезек өрбиді,
Ақырет-жалған осылай.

Пендесіне лайық,
Бір Алладан сұрайық.
Әруагына қауымның,
Тілек, дұға қылайық.
Әумин!

БІЗ ҚАЗАҚПЫЗ

Біз бұрынғы көшпелі, гүндер емес,
Жауларымен соғысып қылған егес.
Амур, Ертіс, Жайықты қоныс қылдық,
Сол дәуір артта қалды болып елес.

Біз бұрынғы мал бақкан сақтар емес,
Ол кездегі ел түрмисын мақтар емес.
Үрпак қамы, келешекпен өмір сұру,
Іздегені дәulet пен бақ та емес.

Бұрынғы ұқсамаймыз сарматтарға,
Массагет, казар, тармактарға.
Ұқсамаймыз біз казір ешбіріне,
Тарихта тарап кеткен жан-жаққа.

Білмейміз Половец деп далалықты,
Тарихи жас кездегі балалықты.
Игорь полкі тиген соң соққы берді,
Озбырлықпен істесе шалалықты.

Соғысты Парсы, Қытай, Монгол-калмак,
Жері мен елді шауып малын алмак.
Ерлері қан майданда жеңіп шығып,
Жауларының мойнына салды кармак.

Тағылды әр кезеңде әртүрлі ат,
Талай жаулар соғысты пейілі жат.
Еліне егемендік теңдік тиген,
Бақытты біз казақпыз көнілі шат.

Тарихта жоғарғы аттын бәрі болдық,
Бірде бай, бірде кедей, бірде солдық.
Сан гасырда күреспен өмір кешіп,
Егемендік алдық та енді толдық.

Келеміз сол тарихтан шеру тартып,
Қиян-кескі азапты мойынга артып.
Егемендік келген соң қуат алдық,
Тенсіздікті тантадық бір-ақ тарпып.

Халқымыз бірде азайды, бірде өсіп,
Шапқыншының қолынан қалды өшіп.
Өзі тимей, ешкімге тиіспедік,
Ертіс, Орал, Сыр, Алтайда жүрді көшіп.

Келеміз сан ғасырды баса-көктей,
Достыққа адал болдық ар да төкпей.
Өзі тисе, еліме токтамаймыз,
Қабыргасын жаулардың тіле сөкпей.

Тұп тегіміз түрікпіз, қазақ болған,
Талай жаумен айқастық он мен солдан.
Тоныққөк, Білте қаған, Құлтегіндер,
Тарихта айнымаған әділ жолдан.

Қазір біз терезесі тен ҳалықпыш,
Елі бай, жері толған кен ҳалықпыш.
Енбекімен елінде той-тойлаған,
Тасқыны мен тау бұзған сен ҳалықпыш.

Халқымның арман-мақсат, ойын куған,
Қасіретте шыдам мен сабыр туған.
Атальп жоғарғы аттың бәрімәнен,
Біз қазақпыш теніндік ап қайта туған.

ӨРКЕНДЕП ЕЛ БОЛ

Алға шық ер азамат ардың құлы,
Халқың үшін еңбек ет, намыс ұлы.
Ел, Отан, атамекен жанинан қымбат,
Алтын, күміс, гауһар тас емес құны.

Елімнің кен байлығы мол болып тұр,
Қызықкан шет елдерге жол болып тұр.
Елімізге жаны ашып келгені жоқ,
Ойлары байлық, пайда сол болып тұр.

Жер астында байлықтың өнімі мол,
Шетелден инвестордан тартылды жол.
Өнімді өз елінде өндеп шығар,
Оларға зауыт, фабрик керегі сол.

Ардагер арыстарым арыстандай,
Күшің бар жауларыңмен алыскандай.
Ескі мен жаңа үлгіні ұштастырып,
Өркениет елдермен жарыскандай.

Өркендет тоқтап қалған салтымызды,
Азамат алға баста халқымызды.
Жаксарсын халқымыздың әл-ауқаты,
Өнегелі, мықты ел қыл жалпымызды.

Әдет-гүрып дәстүрді қолға алып,
Бұрмандар ата салтын оң мен солға.
Тастандар арак, шылым, есірткіні,
Келешек жастарды сал тузу жолға.

Болдырма жамандыкты тірі жүріп,
Ерекше елден ерек ірі жүріп.
Ұлың мас, қызың шүршіт болып кетсе,
Үлгі айтпа өз бойыңның кірі жүріп.

АРМАН

Армансыз жан болмайды,
Армандап жүрт толгайды.
Тіршілікте пенде тұрғанда,
Үміті семіп, солмайды..

Шыга-тұғын күнде арман,
Бататұғын түнде арман.
Көбі жетпес арманга,
Опасы жоқ сүм жалған.

Арайланған таңда арман,
Таңға жеткен жаңда арман.
Бүгін бар жан, ертең жоқ,
Аударылған бұл жалған.

Оку-өнер-бұл да арман,
Шұбарланған тіл де арман.
Мезгіліне жете алмай,
Солып калған гүл де арман.

Әсем киім кимесе,
Ақылды жан сүймесе.
Қыз да арманда еріксіз,
Сүйгеніне тимесе.

Үміт арттық арманға,
Ойды бөлдік арзанға.
Арман колға ұстаптай,
Қайты салды әр жанга.

Айтылмаган жыр да арман,
Ашылмаган сыр да арман.
Сары далада сағымдай,
Қолға ұстаптай тұрды арман.

Арман алтын тағымдай,
Қол бұлғаган бағымдай.
Жетпесек те арманға,
Жүрт тұрмайды сағынбай.

БАБАЛАР

Әр аймақта бас болған бабаларым,
Ел бірлігін сақтаған даналарым.
Тәрбиелеп әдепті ұл-қыздарын,
Жетілдірген адами саналарын.

Бабаларым адамның шолпаны еді,
Агаларым жігіттің сұлтаны еді.
Еркін жүріп ерекше елді ойлаган,
Еділ-Жайық, Ертістің шортаны еді.

Ен жайлаган бабалар Сырдың бойын,
Ұрпағына үртеткен ақыл-ойын.
Жерін көрғап, төрт түлік мал өсіріп,
Думандатқан елінде оның тойын.

Тасқа қашап тарихын жазып кетті,
Тастагы тарих кейін бізге жетті.
Орнатып университет кешеніне,
Қазіргі ұрпақтарға мирас етті.

Тарихтың койнауына терең бойлап,
Ұрпақтары еске алады бабаны ойлап.
Елдің камын ойлаган бабаларды,
Әр аймақта халқымыз жатыр тойлап.

Бабалардың істері шықпас естен,
Тарихтан халқын ойлап өмір кешкен.
Елі-жүрті ұрпағын артка тастан,
Халқының мұңын жоқтан пәни көшкен.

КӨНЕЛЕР

Ойга алсаңыз ескіні,
Ойландырап естіні.
Даналардың бұрынғы,
Көзге елестер кескіні.

Тарихты зерттеп қарасан,
Биқтейді аласан.
Кеш ілгері ақылы,
Казіргімен баласан.

Ақыл айтса көнелер,
Даналарға тенелер.
Ой-өрісі толықсып,
Мәз-мәйрам боп кенелер.

Білмей өткен асылды,
Ақылы дана нәсілді.
Шығара алмай тарихка,
Көшіліктен жасырды.

Озық ойлы данышпан,
Жауларымен алысқан.
Келешекті болжаган,
Ой жіберіп алыстан.

Даналықты менгерген,
Әділетті жөн көрген.
Ақыл айтып жастарға,
Ақылдыға тенгерген.


ХАЛҚЫНДЫ СҮЙ

Тұрік елінің сыңары,
Шыңға біткен шынары.
Егемен алған қазақтың,
Сейілді енді мұнары.

Халқынды сүй, құрметте,
Жасыл туды кірлетпе.
Елтаңдаңды аяла,
Әнұранды түрлет те.

Досты алға сүйрейміз,
Жауласуды сүймейміз.
Озі келіп соқтықса,
Шешен сөзбен түйрейміз.

Гүлдендіріп өнірді,
Көтер шат қып көңілді.
Пайдаланып байлықты,
Бақытты кыл өмірді.



АДАМНЫҢ ӨМПІ

Бір жас пен екі жаста сәби басым,
Бес жасқа еркелікпен келген жасым.
Он жаста жас ботадай ойнақ салып,
Жиырмада білінер дос пен қасым.

Жиырма бес таудан акқан бұлактайсын,
Желкілдеп көлгө біткен құрактайсын.
Кездескен кедергіні бұзып етіп,
Тау-тасқа ойнақтаған лактайсын.

Отызда өрге басар ер қайратты,
Жауына көрсетеді дөң айбатты.
Жабылып жала жапкан дүшпандарын,
Әділетті ісімен жау жайратты.

Қыркында жарқыраған ақ алмастай,
Сілтесе тау мен тасқа мұқалмастай.
Еңбекте әділетті жолмен журіп,
Үлгі істер өз алдына жан салмастай.

Елуде ерекше өтер ердің жасы,
Алпыста парасатты адам басы.
Жетпісте арқыраған аргымактай,
Сексенде қарттың орны – оттың қасы.

Токсанды тоқпак жалды торымайсын,
Деуге келмес бір кәде орындайсын.
Жұз жасқа жеткен адам некен-саяқ,
Өз теңің жоқ адамның қорындейсын.

Не көрмес өмір сүрген адам басы,
Болады әр пендениң дос пен қасы.
Көрген күн, сүрген дәурен тіршілікте,
Өтеді осылайша адам жасы.

П. ҚАРТАР, СЫЙЫНУ, ӘРУАҚ

ҚАРТ АДАМДЫ ҚАҚСАТПА

Қадірлендер кәрінді,
Көнеден қалған нәрінді.
Тілек айтып жастарға,
Қарт есіркөр бәрінді.

Құрметтендер картыңды,
Ойы кемел, асқак-ты..
Өнеге алып өзінен,
Үлгілі өсір үрпақты.

Қарттарыңды зарлатпа,
Айтқанын ұқ, ардакта.
Көпті көрген көненниң,
Тілін алмай, қарғатпа.

Жетем десен мақсатқа,
Қалам десен жақсы атқа.
Мінез, қылық, ісінмен,
Қарт адамды қақсатпа.

Қарт ермегі

Қартайып, үйқы кашып, болдық сергек,
Түсіріп қағазға ойды қылдық ермек.
Замананаң ағымын өлең қылып,
Мақсатым - кейінгіге айтып бермек.

Қарт журер ел ішінде қалт-құлт еткен,
Тән картайып, денеге көрілік жеткен.
Бұзылып іш құрылышы, көзің көрмей,
Күш-кайрат іс-қимылдың бәрі кеткен.

Қантаган түрлі ауру, көз көрмейді,
Қырықтан жөнделем деп өзгермейді.
Дұрыстықты айтам деп ұмтылғанмен,
Кері кеткен кейбір жастар сөз бермейді.

ІСІНДЕ АСЫҚ

Қарт адамға өмірден өлім жақын,
Қартайғанды сезіп жүр кәрі тақым.
Бүгін тірі жүрмін деп масаттанбас,
Жалғанда өмір сүрген зерделі ақын.

Сондыктан ажал бізге емес кашық,
Ертеңгіні істеуге бүгін асық.
Жайбасар іс жұмысын соза берер,
Өмір заңын білмейтін кейбір пасық.

Ажал түр сағат сайын бізді күтіп,
Бітіріп ал ісінді жүндей түтіп.
Алдымызды санаулы өмір қалды,
Жұмысынды істей қал, уакыт ұтып.

Ажал бізді қоймайды жайландырып,
Іші-сыртынды шелді қып, майландырып.
Етегінді кенге сап, істі созба,
Ажал құрық салады айналдырып.

Асығып бітіріп қал жұмысынды,
Олген соң аласың тынысынды.
Асықпасаң өлімді ұмытқаның,
Құптамас тағдыр сенін бұл ісінді.

Тіршілікте айтып қал айтарынды,
Ұмытпа бұл дүниеден қайтарынды.
Ертең тірі жүруің екіталай,
Ажал қағып алады сайтанинды.

/Рамазан құданың «Неге асығасын?» деген сауалына жауап/

АБАЙ ТОЙЫ

Улғі болған талайға,
Той жасады Абайга.
Өлең-жыры онеге,
Нұрын төккен маңайга.

Данышпан ойлы ер нары,
Тағым етті жұрт бәрі.
Казакпен бірге тойлады,
Шет мемлекет, жер шары.

Мыңмен жалғыз алысқан,
Ақылдың кені-данышпан.
Бар адамзат бас иді,
Іздеп келіп алыстан.

Өлеңнің мініп пырағын,
Жақтың сөздің шырағын.
Көкорай шалғын, көк майса,
Жайқалттың жырдың құрагын.

Әкенің ұлы болмадын,
Ел ұлы боп толгадын.
Арман-тілек ойынды,
Келешекке жолдадын.

Жұрт мойындаң міндетті,
Үйқысыз талай түн өтті.
Шыңғыстаудың бойында,
Абайдың ұлы тойы өтті.

ӘКЕ ӨЛІМІ

Отыз екінші жыл еді,
Аштықты бәрі біледі.
Батыс Сібір өлкесінде,
Еңбеккор әкем жүр еді.

Кей жалқау жасап бұзықты,
Онай іске қызықты.
Кісі өлтіріп, үрлық қып,
Шырылдатты шыжықты.

Күресіп карсы аштықка,
Басы тимей жастықка.
Зауытта істеп жүргенде,
Кездесті әкем қастықка.

Еңбек етіп сабылып,
Жүргенде әкем шабылып.
Бес-алты адам әкемді,
Жолда өлтірді жабылып.

Арысымды құлатты,
Бәйтеректі сұлатты.
Ұядагы қыранның,
Балапаның жылатты.

Балаларын зарлатты,
Қас дүшпанды карғатты.
Қыршиң кеткен әкеме,
Жоктау жырды арнатты.

ДІНДІ ЖАТ ТІЛМЕН ҰҒЫЗДАУШЫЛАРГА

Жанаша бастап ұранды,
Жатша баулып ұланды.
Ұғыздайды жат тілмен,
Аят, хадис, Құранды.

Алла сөзін бұрмалап,
Аударады жұлмалап.
Баяндайды жат сөзбен,
Жүргегіңді тырмалап.

Жат тілде өтсе дініміз,
Теріс дейміз мұны біз.
Шұбарланса дін, ұғыз,
Не болады күніміз?

Бұзғаннан соң дінінді,
Шығармайсың үнінді.
Мұләйімсіп мөлііп,
Көресің тек күнінді.

Кей жан діннен безіп тұр,
Құр малтасын езіп жүр.
Құлқынының құлы үшін,
Жүргенін жұрт сезіп жүр.

«Мешіт, шіркеу, храмы,
Жүргтты шақырып тұрады»,-
деп осы екі сөзбенен,
Теріске елді бұрады.

Ұмытпаңдар күдайды,
Берік ұста бұл жайды.
Әділетті халқыма,
Мұсылмандық ұнайды.

КӘРІЛІК

Істен қалар адамдар картайған соң,
Денеден куат кетіп, нәр тайған соң.
Бұлдырап көзін көрмей жолдагыны
Күшің кеміп, денеден хал тайған соң.

Кәрілік ырғасып,
Денені тұр зіл басып.
Ертең көрер күніміз,
Кететіндегі жылға асып.

Кібіртікеп көшеде жаяу жүрміз,
Жүретін жолды байқап, баяу жүрміз.
Семген дене қонбайді ынғайына,
Бетті бұрып, өлімге таяу тұрмыз.

Кәрілік деген қабысып,
Ет сүйекке жабысып.
Шырман алды денені,
Бір-бірімен табысып.

Шаруаң үшін айтады біреу ақыл,
Айтқан сөзі орынды болса макұл.
Кейбірінің айтқанын істеймін деп,
Сорға құлап қаласын түбінде ақыр.

Жылдар өтіп, жас озды,
Денеде ағза, тән тозды.
Көзің былшық, бетте әжім,
Ажал сырттан қол созды.

АЛЛАҒА АЯН

Кейбір іс болмаса да елге баян,
Пенденің қылған ісі Аллаға аян.
Жалғанда не киындық көрсөн-дагы,
Әділеттен табылар самал саяң.

Жұргенінде өзгеден ірімін деп,
Қатардағы пенденің бірімін деп.
Ертең тағдыр кей жанды қағып кетер,
Сактанбай жұргенде мен тірімін деп.

Жок қуып дүниеге туған өлмек,
Маңдайына жазғанды әркім көрмек.
Біреуге шат, біреуге қайғы әкеліп,
Адамға салып жатыр тағдыр өрнек.

Ата-ананды сыйласаң Алла ырза,
Көңілін тап құрметтеп қысы-жазы.
Кейбіреу ата-анасын ренжітер,
Керенау кердендердің білмей азы.

Алладан жақсы іс тіле адамзатқа,
Дұрыстықты баянда жамиғатқа.
Денсаулыкты түзе де, гылым үйрен,
Залал салып бүлдірме табиғатқа.

ҚҰЛАЗЫҒАН КӨЦЛ

Картайған жанға адам қарамайды,
Ақыл сөзін қажетке баламайды.
Адамға пайдасты жок кәрі адамның,
Нәрсе істеге күштері жарамайды.

Кетеді жұрттан кадір-касиетің,
Отпейді ақыл-кенес өсінетің.
Жат түгіл жакынына назаланса,
Соғады деп ойламайды кепиеті.

Әйткені оларға ақыл керек емес,
Ақша болса, өзге ештене керек емес.
Кей жастар өздерінше бәрі білгір,
Бабалардың ақылы дерек емес.

Дұрыс ойга бағытта басты миды,
Өміріңен аласың керек сыйды.
Көктен өзі түскендей нәсілдерім,
Сай өрлесе көңілім құлазиды.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР

Картайып үлгайған соң адам жасы,
Тұрар жері дүкен мен үйдің қасы.
Карттарын балалары қуте алмайды,
Оның да бар қолында жанұясы.

Ертеде асырады бел баласы,
Ал қазір алыстады екі арасы.
Замана заң өзгерту адам құлқын,
Халықтың өзгерді көзқаасы.

Кей бала келіндердің сөзіне еріп,
Кетеді ата-анадан үркіп-жеріп.
Қолданып халқымызға жат қылқыты,
Тапсырап қарт үйіне сырттан беріп.

Басшылары асырап балаң дейді,
Жастардың картқа көнілі аландайды.
Жастардың кейбіреуі көзін сүзіп,
Қартқа берген жәрдемнен алам дейді.

Зейнеткердің жагдайын салып ізгі,
Қамкорсыз гып тастама құла түзге.
Жастарға асырап деп сенім артса,
Зейнетакы толенсін толық бізге.

ҚҰЛШЫЛЫҚ ҚЫЛ

Жаратқан бір Алланы көрмейді,
Құбылып Алла ісінен өзгермейді.
Жүгіріп жалған ойын тарагуға,
Керілген кей керауыз сөз бермейді.,

Пәнде білмек тағдырын, өлер күнін,
Сезбейді қызық қылық, талай мінін.
Ажал, нәубәт келеді қас-қағымда,
Шығармай әкетеді актық үнін.

Білсе де білмесе де жасап сақтық,
Аллаға сыйынамыз түбінде актық.
Құлдарыңды кешіріп, жөніне сал,
Бір Алла құрметің достым-мақмұт.

Ауырсаң өлім ойлат «Алла» дейсің,
Иманды айтып өлімнің қамын жейсің.
Фибадатың болмаса тіршіліктे,
Тәңір алдына барғанда сен не дейсің?

Адам ғапыл өткізер дүниені,
Білмейді ұстап тұрган бір иені.
Он сегіз мың галамның барлығында,
Тенгеріп тексеріп тұр бар жүйені.

Бар пенде дүниеге бейім тұрдың,
Қызықтап бұл жалғанда сейіл құрдың.
Тіршілікте Аллаға құлшылық қыл,
Дүниеде көп нәрседен кейін тұрдың.

П. ЭЙЕЛДЕР

АТА-АНАҒА КЕҢЕС

Айтамын ата-анаға ақыл-кеңес,
Ойлы жан айтқанымды теріс демес.
Ата-аналық парызды білмейтіндер,
Келешек үрпағының қамын жемес.

Жас парызы ата-ана жұртты сыйлау,
Өнегесіз есken жас жанды кинау.
Ата-салт, ұлт дәстүрін білмегендер,
Бұзылған маскунем мен мәңгұрт, милау.

Улгі-өнеге тәрбие берсең бағыт,
Кетпейді жас күнінен шетке лағып.
Енбегіннің жемісі көрінеді,
Өссе өмірдің адамға шамын жағып.

Баладан татам десең шекер мен бал,
Тәрбиелеп кіслік жөніне сал.
Баланы бакылаусыз коя берме,
Ата-аналар бұл істі мойныңа ал.

Мал да кетер бетімен иесі жок,
Сөз де орнын таптайды жүйесі жок.
Балаларды тылосыз қоя берсе,
Ондай жанның кіслік киесі жок.

Бетімен сай өрлеген баланы тый,
Көрсін олар тәрбие, тылымнан сый.
Есіртіп, өз жайымен сен жіберме,
Қазағым, көзінді аш, есінді жи.

ЖАС КЕЛІНГЕ /немере келінгे/

Жайнаган гүлзар бақтың гүліндей бол,
Нұр шашқан жаздың нұрлы күніндей бол.
Орынды сөз сойлесең өз ортанды,
Сайраған сандуғаштың күніндей бол.

Сыпайы үй мен түздө жүрсөң жайнаң,
Абысын-ажынменен дүние қайнаң.
Аулақ бол жамандықтан, жақсы жүрсөң,
Көрсетер сый мен құрмет ауыл-аймақ.

Жүрсөндер жиырма бес, отыз жаста,
Озгеден ерекше боп өнер баста.
Заманның кисығына еліктеме,
Жүрт қолданған жас істі жұлып таста.

Көбейсін отбасында бала-шаган,
Артады үрпағынмен сенің бағац.
Халқымыз «Балалы үй-базар» деген,
Ұлы абырой, зор құрмет бұл да саған.

Ағайын, туыстарды жүрсөң сыйлап,
Аласың маңайына досты жинаң.
Ата-баба дәстүрін жалғастырып,
Білем деп артық кетпе елді қинаң.

Халайық, қауым жүртің жүрсін мактап,
Туыстар аяласын сені жақтап.
Мархабатты атаңың бір тілегі,
Жүзге жет косағынмен құдай сақтап.

АРАҚҚА БЕЙІМ ӘЙЕЛДЕРГЕ

Әйел ойсыз, аракқа бейім тұрса,
Әйел арлы, арактан кейін тұрса.
Ақылды әйел алғыстан құр калмайды,
Ата-баба салтына зейін бұрса.

Келгенде ақылды әйел орта жасқа,
Зейін қойып ұмтылар адап асқа.
Немерелі болған соң арак ішпес,
Тойда бөтөн ойы жоқ одан басқа.

Дұрыстыққа есті әйел бетін бұрап,
Үлгілі, ибалыкты біліп тұрап.
Орта жаста желігіп, арақ ішсе,
Ондай жанды жын қағып құдай ұрап.

ҮРПАҚ СИПАТЫ

Білім алып, үйленіп, ұл ер жетті,
Кыз бойжетіп, білім алып, елден кетті.
Кейбірі ата-анаға қоңіл болмей,
Халқымызда жоқ іске бұрды бетті.

Әлпештеп ата-анасы базар қылды,
Обектеп, бейіл беріп, назар қылды.
Еңбек етіп, табысты үй болған соң,
Немересін жолатпай, азар қылды.

Көрмейді ата-ананы сыйлап, күтіп,
Келіндер де жүрген жоқ қадір тұтып.
Көрмestей ата-анадан өзі алыстан,
Кетеді басқа орынга тез жылystан.

Алыстан басқа орынга кетсе де ауып,
Жүреді анда-санда үйді тауып.
Ата-анадан құрт пен май, ет әкетіп,
Кетеді келген сайын жаудай шауып.

Тілдері жат сөзбенен шұбарланды,
Арак пенен шылымға құмарланды.
Халқымызда жоқ іске үйір болып,
Крестеп галстукпен тұмарланды.

Тентек су мен есірткі досы ма еді?
Есерлену қоңілдің кошы ма еді?
Әлпештеп, аялаган ата-ананын,
Үрпағынан күткені осы ма еді?

БӨБЕКТЕР

Бала-адамның бауыры,
Әкелер оның дәүірі.
Оркендейді баламен,
Адамзаттың қауымы.

Балалы үй-базарлы,
Аударар жұрт назарды.
Көп балалы үйлердің
Кір-коқысы тазарды.

Бөбек - елдің күн, айы,
Ата-ананың піс майы.
Нәрестемен жөндөлөр,
Халқымыздың күй-жайы.

Үнің көкке қалқысын,
Нұрың күндей шалқысын.
Перштедей бөбектер,
Қорғасындаі балқысын.

Куанышты келісін,
Шаттандырши ел ішін.
Фасырларға тарта бер,
Келешектің желісін.

Елдеңі бар бүлдіршін,
Дүйім жұртты құлдірсін.
Фарышқа ұшар қырандай,
Жұртқа өнерін білдірсін.

Сәулетің ай нұрындай,
Шапқыла тай-кулындай.
Ай мен жылдан аман жүр,
Еш пәлеге ұрынбай.



БАЛА БЕРСИН...

Құдайым әр адамға бала берсін,
Балаға ақыл ой мен сана берсін.
Оқып ғылым үйреніп, үлгілі боп,
Ата-ананы сыйлайтын дана берсін.

Парасатты халқыма пана берсін,
Елге істеген еңбегі жана берсін.
Қай салада жүрсе де азаматтың,
Жақсы ісіне халқымыз қана берсін.

Жас маман халқымызға қорған болсын,
Әділетті жақтайтын зордан болсын.
Ұят-аят адами білімді боп,
Ұрпақтары көбейіп, орман болсын.

Ойласын жәбір көрген елдің қамын,
Ойсыраған еліне салсын жаңын.
Өз наследін өсіріп, парасатпен,
Көбейтсін ұрпағымен елдің санын.

Жөндесін галамдасқан елдің түркyn,
Тұзетсін батыска ауған елдің сұркын.
Салт-сана, дәстүрінді өркендетіп,
Дамытсын, бұздырмасын әдет-ғұрпын.

Откізсең алас-құлес гасырыңды,
Жарқырат жалғандагы асылыңды.
Айбынды әрі сенгіш әрі момын,
Әлемде ерекше қыл наследінді.

ДҮРЫС ТӘРБИЕ

Бала оқытсаң алыска,
Өзгелерден қалыспа.
Есерленіп түспесін,
Жат мінезбен шалыска.

Білім алсын ұл-кызың,
Мамандығы құндызың.
Еңбек етсе ел үшін,
Ол-аспанда жұлдызың.

Берсөн дұрыс тәрбие,
Жөндөледі бар жүйе.
Кір келмейді атыңа,
Жоламайды жат күйе.

Сүйеу қылса халықты,
Орнатады алыпты.
Елі сүйсе еңбегін,
Өмір сұру қауіпті.

Жағымды боп мінезі,
Сыйлы жүрсін әр кезі.
Әдет-салтты қолданып,
Ұнап тұрсын бір өзі.

ӘДЕПСІЗДІК

Аштың кіндік, қарынды,
Жаппай ұят-арынды.
Иба, әдепті сақтамай,
Жоғалттың бар нәрінді.

Будыратып шашынды,
Шашқа тығып басынды.
Байың ұрып кеткендей,
Бояп көз бен касынды.

Жалаңаш сан, балтырда,
Елімнің жоқ салтында.
Ұят іс деп саналар,
Қазақ деген халқымда.

Дәстүр бізден ұзады,
Жатка бойың қызады.
Елдің әдет-ибасын,
Жат әдептер бұзады.

Шашты кидың желкеден,
Кейлек кидің келтеден.
Мұндай әдет жоқ еді,
Халқымызда ертеден.

Әдепті жұрт мойындар,
Жат әдепті жойындар.
Дұрыс болсын десен жұрт,
Әдепсізді қойындар.

IV. АҚЫЛ-ПАРАСАТ, ӘДЕТ-ҒҮРҮШ

КҮН СӨНБЕСІН

Әлемде күн сөнбесін,
Жаһанға нұр шашатын.
Аспанға бұлт тәнбесін,
Қараңғылық басатын.

Ел тұрмысын жөндесін,
Байлық судай тасатын.
Қопарсын жер көмбесін,
Кен байлышты ашатын.

Жарқыратып өндесін,
Игілікке асатын.
Шет елдерге көнбесін,
Жамандықты шашатын.

АТЫН ӨШПЕСИН

Өлсөң атын өшпесін,
Мәңгілікке көшпесін.
Үрпақсыз деп табалап,
Дұшпандарың бөспесін.

Құлак салсаң қартыңа,
Үрпак калдыр артына.
Елдің саны көбейсін,
Келтір елді шартыңа.

Үрпактарың көбейсін,
Үрпақсыз сен өгейсің.
Өспесе артында ұл мен қызы,
Ел өсуін бөгейсің.

Улғілі өсір ұлынды,
Менгерсін бір ғылымды.
Өссін одан үрпагың,
Көбейт асыл бұлынды.

Үрпагың жүрсін токтықта,
Кездеспесін жоқтықка.
Қалмаса да дәuletің,
Ие болсын боктыққа.

Үрпагыңнан із қалсын,
Алды-артына көз салсын.
Құран оқып артында,
Үрпактары еске алсын.

ӨМІР ЖӘЙІ

Адамда болса егер ой мен ақыл,
Іштегі өнерінді сыртқа шакыр.
Жұрт тындар өнегелі сөзің болса,
Керек қылған жандарға болар макұл.

Ер болса парасатты сөз тындастын,
Күш-кайрат жігерімен іс шындастын.
Шарапат колдан келген жақсылықты,
Жан болмас өз халқына ұсынбайтын.

Ел жәйін ойламайды кейбір пақыр,
Болған соң артында ойы тақыр.
Ел жағдайын көрді де беzekтейді,
Басына түсетіндей заман ақыр.

Тіршіліктің жолдары тарам-тарам,
Арам табыс пендеге бәрі харам.
Егемендік, еркіндік алғанменен,
Әлі де жазылған жоқ бойда жарам.

Кім тояр бұл жалганиң қызығына,
Қызықтар жеткенінше сыйығына.
Тірлік үшін беzekтеп жүрген жандар,
Кездесер кер заманиң бұзығына.

Ел іші ерсілі-каrsылы, үйқы-түйқы,
Алыс-жұлыс, арпалыс өмір сиқы.
Алдау, арбау, сыйайлас, жемкор, ұры,
Санаы ашылмаған әлі де үйқы.

Емдемей еліміздің жан жарасын,
Өзі үшін жүргендерге таңданасын.
Біреу жылап, біреулер сайрандап жүр,
Соларға уәж таппай сандаласын.

Әркімнен өтіп жатыр пәни жалған,
Көбі жетпес арманға ойына алған.
Біреу бай, дүниеде біреу жарлы,
Әлімсақтан бұл әдет бізге қалған.

ҚАЗАҚТЫҢ СИПАТЫ

Қазақтан дана халық жоқ,
Дауға сөзбен енеді.
Қазақтан жомарт халық жоқ,
Қымбатын жұртқа береді.

Қазақтан батыр халық жоқ,
Кас жауына төнеді.
Қазақтан сенгіш халық жоқ,
Өсекке де сенеді.

Қазақтан аңғал халық жоқ,
Алдағанға конеді.
Қазақтан даңгой халық жоқ,
Әулекі жұртқа сенеді.

Қазақтан іші тары жоқ,
Біреудің барын көреді.
Қазақтан кесір халық жоқ,
Әзді-өзі пәле тереді.

Жатқа берсе тізгінін,
Қазақтың күні сөнеді.
Егеменді еліңе,
Бас бірлігің жөн еді.

АР- ОЖДАН

Білгенге ақылдының ары қымбат,
Иба, инабат, намыстың бәрі қымбат.
Кіслік пен әділет, обал-саяап,
Сақталар арлы адамда сыр мен сымбат.

Кіслікті жан жүрер арын сактап,
Бойда қайрат, қуаттың барын сактап.
Ер еңбектен қашпайды қайда болса,
Кемпір, шал, бала-шага, жарын сактап.

Пайданы әркім тартар өзді-өзіне,
Тұрлаусыз жан тұрмайды өз сөзінде.
Ел ішін лаңдаған кей жандардың,
Қисығын ер айтады көздеріне.

Дәуір туды бір-бірін күндейтін кез,
Жақын тұrap мүңдайға ақымақ, ез.
Қырқысар дүние бок, билік үшін,
Арын сатқан – ақымақ сондайдан без.

ҰЙҚЫ

Серейіп жатып,
Сеслей катып.
Қалыптын түстө
Ұйқыға батып.

Ширығып тәнің,
Жадырап жаның.
Тамырды бойлап,
Жүгірер қаның.

Жок болса жұмыс,
Ұйқы бір тыныс.
Жазылар шираң,
Бойдагы құрыс.

Ұйқынды қандыр,
Жазылсын шандыр.
Ұйқымен тұзде,
Жұмысты жандыр.

Жаныңа ермек,
Тыныштық бермек.
Әркез сақ бол,
Ұйқыға сергек.

ТУГАН КҮН

Тойлайтын әдәт шықты туган күнін,
Тарихта кездеспеген бұдан бұрын.
Шуылдап сыйлық әкеп, арақ ішер,
Мактап сөйлем шығарар әркім үнін.

Мадактап әркім оған тост айтады,
Жамандығын жаксы деп коса айтады.
Көлгірсіп юбиярдің көнілін жықпай,
Іші ку, сырты жылмаң дос айтады.

Юбиярдің көнілі өсіп кетер,
Жылпостар сылдыр сөзben бөсіп кетер.
Өзімшіл кейбір пендे құбылмалы,
Мінін айтса сезімі өшіп кетер.

Бөседі қысыр сөзben арақ ішіп,
Сөйлейді есерленіп, аузы қышып.
Арактың аңызына тойып алып,
Кетеді тәлтіректеп құсып-тышып.

Бірін-бірі итерер шапқа тұртіп,
Жалған сөзді зулатар босқа қыртып.
Былай шыға сыртынан жамандайды,
Шындықты бетке айтпайды көніл жыртып.

Туган күнді тойлайтын халқым болды,
Арақ ішіп, мас болу салтың болды.
Жат әдettі қолдандың казак халкы,
Араккүмар дәстүрге жакын болды.

Қазақта бұрын жок-ты туган күні,
Мас болып, арақ ішіп жуған күні.
Әр мүшелде садақа, киім берген,
Ешкім жок сол әдettі қуған күні.

КҮТКЕН КҮН

Жау қалтырап сасқан күн,
Женіліп кейін кашкан күн.
Майдандағы ерлердің,
Абыройы асқан күн.

Арпалыскан алуан күн,
Жауға ойранды салған күн.
Жан алышып, жан беріп,
Рейхстагты алған күн.

Жау жүргегін тілген күн,
Қуаныш достар құлген күн.
Рейхстагқа жалауды,
Қошқарбаев ілген күн.

Жауды жүндей тұткен күн,
Жау қансырап біткен күн.
Женіс күнін аңсаған,
Елге келді күткен күн.

БӘРІН СҮЙ

Өтті бастан зор дауыл
Ғаламдасты бұл дәуір
Сан ұлт тұрган Отанда
Адамға адам дос, бауыр,

Теппе оларды сыртына
Қауымдастыр жұртына
Ой- пікірі косылса
Беріледі ырқына,

Туыс болса бәрін жый
Көрсетіндер күрмет-сый
Дене мүшен тұрқын бір
Махаббатпен бәрін сүй

ТИСІН ПАЙДАҢ

Оқу, ғылым, өнеге егілген дән,
Осылардан гибрат алады тән.
Жақсы-жаман істерді мимен қорыт,
Ақылменен сараптан алады жан

Ақылдың біреуі дос, біреуі жау,
Осы екі өнегеден болмайды сау
Тарих бойы жалғасып келе жатыр,
Таласып бұған ешкім айтпайды дау.

Ішкен-жеген тамағың - тән азығы,
Көрген-білген өнеген - жан азығы.
Көзді тартқан әрбір зат қызықтырып,
Жалт-жүлт еткен дүние - сән азығы.

Санағы адам тіршіліктे ақыл термек ,
Саки жан білімдінің соңына ермек.
Қоғамға бір пайдалы іс етпесен,
Басыңын бедеу уақыт өте бермек.

Жылда өзгерген заманға ойынды сал,
Өзің білсең өзгені ойына ал.
Бар болса ақыл-ой мен парасатың,
Жалғанда барлығынды білдіріп кал.

Бұл жалғанда демендер бале қайдан,
Хабардар бол тірлікте осы жайдан.
Өзгеден ақыл-ойың артық тұрса,
Өзің сүйген халкыңа тисін пайдан.

ҰРПАҒЫҢА ҮЛЕС ҚАЛДЫР

Қара жер адамзатқа болған тұрақ,
Үстіне адам сөніп, жаңған шырақ.
Кенін тауысып, үрпакты ойламасан,
Аш қалдырған баладай туар сұрак.

Дана бол келер үрпак қамын ойла,
Олардың жағдайына терең бойла.
Жер астының кені-басты байлық,
Үрпактың ырыздығын құртып қойма!

Осы бастан қол салдық сан асылға,
Кен байлығы жетпейді еш ғасырға.
Шикізат қып басқа елге сатып жатыр,
Не қалады келешек жас үрпакқа.

Ала берсе бір кезде кен де бітер,
Не берді деп келер жас бізді күтеп
Кен байлықтан ештеңе қалмаган соң,
Әруағына ренжіп жүндей түтер.

Алдыңғыдан үлгі алар келер нәсіл,
Осы бастан жақсы істі жүзеге асыр.
Үрпакқа енші берген халық едік,
Байлық, мұра қалдырмай болма масыл.

Шетелге берме арзанға шикізатта,
Байлыққа кенелтетін адамзатты.
Пайдалы жағын ойла азаматтар,
Тексеріп бакыландар оны қатты.

Келешек естіртпейді үрпак үшін,
Қазірден түзетіндер істің мінін.
Есеппен сыртқа шығар кен байлықты,
Үрпакқа қалсын байлық, көрсін күнін.

Кен бітсе, егін егіп малыңды есір,
Кенсіз күн ауыр деген үнінді өшір.
Шаруаның күн көрісі - төрт түлік мал,
Тұрмысты егін менен малға көшір.

Жұмысты түсіріндер жел мен жерге,
Күнкөріс табылады еңбекші ерге.
Алла берген бос жерді пайдалансан,
Табылар байлық көзі түссен терге.

ТУРА АЙТҚАНДАР

Әділ кісі ашып айтады,
Аккоңіл тасып айтады.
Қиянат, зұлымдықты
Белінен басып айтады.

Ақылыңды айт кісіге,
Сөз тыңдайтын кішіге.
Асыл сөзді қор қылма,
Шикі аралас пісіге.

Қасындағы жолдасын,
Пікірінді қолдасын.
Өсек айтар ол жүртқа,
Мырт, мерез жын болмасын.

Ер еліне тартады,
Ел жеріне тартады.
Ер ойласа ел қамын,
Абырай-атағы артады.

Ашуланып ақырма,
Ұрсып, зекіп бакырма.
Қолдан келсе көмектес,
Кедей, кемтар, пақырға.

АУЫЛЫМ

Кеңшардағы ауылым,
Еңбек еткен қауымым.
Төрт түлік мал есірген,
Қандас, туыс бауырым.

Өзгерді енді порымың,
Жанарды ескі орынын.
Тіршілікте көрдіндер,
Тозактан да зорының.

Қайта өрлемді ауылдар,
Басылды енді дауылдар.
Салт-сананы өркендет,
Ауылдағы бауырлар.

Мен жатайын елді ойлап.
Сендер үдет той-тойлан.
Шат, куаныш көбейсін,
Сарыарқаны ен бойлан.

ЖАЗЫҚСЫЗДАР

/Саяси құтын-сүргін жылдарының 65 жылдығына орай/

Бірлікке елін бастаған,
Халық айтса аспаған.
«Ғылымды үйрен, оян» деп,
Қалыспа деді басқадан.

Ел қамын жеген ерлерім,
Төкті талай терлерін.
Түзетіп елге көрсетті,
Қате, қисық жерлерін.

Ел үмітін ақтаған,
Арысын елі мактаған.
Әлі күнге еске алып,
Жүрегіне сактаған.

Зұлымдықты қолданып,
Ерлерді жапты қолга алып.
«Халық жауы» сен деді ,
НКВД долданып.

Түрмесінде ұстады,
Азаптап жаңын қыстады.
Мойындағып жалғанды,
Шындықты сырып таstadtы.

Іліндіріп қармакқа,
Отбасын куды жан-жакқа.
Бала-шага, әйелін,
Ұстады көп жыл КАРЛАГ-та.

Сол істен ойда дақ қалды,
Архивте ісі сакталды.
Кінәсі жоқ ерлерім,
Әділет жеңіп ақталды.

КӨРШІ

Талай жыл, талай ғасыр, талай дәуір,
Адамзат өмір кешті ауыр-ауыр.
Тірліктері пенденің бір қызығы,
Сыйласып, сырласатын көрші тәуір.

Тұрады жақсы көрші араласып,
Кісілік парасатпен дара басып.
Кей көрші бір нәрсені ілік қылып,
Күндейді бірін-бірі кара басып.

Тату көрші тұрады көмектесіп,
Аралас дәм-тұздарын бөліп-жесіп.
Ешкімнің ырыздығы азаймайды,
Бір құдай тіршілікте берсе нәсіп.

Жайдары жақсы көрші көңіл ашар,
Сыйластық, зұлымдықтың мысын басар.
Сыйлы көрші жанкіяр досқа айналар,
Өнегелі, өрнекті үлгі шашар.

Жаны таза жақсымен болсаң сыйлас,
Жат ісінді көрсе де жауға қимас.
Қиындықта жаны ашып ара түссе,
Тұыс емес деген сөз ойға сыймас.

БҰЗЫЛҒАН ТӘРБИЕ

Келс жатқан ғасырдан,
Үлкенді сыйлап бас үрган.
Коммунистер айырды,
Меруерттей асылдан.

Ибалыкты асырған,
Жат қылыхты жасырған.
Қартты сыйлап жастары,
Кінәлі болса бас үрган.

Көрінсе жастың бір міні,
Үлкендер түзег сол күні.
Бауырласып сыйласар,
Ел ішінде аға-іні.

Әке карап балага,
Бала карап далаға.
Кейбір бала тыңдамай,
Түседі бұзық салага.

Осылай тәртіп бұзылды,
Үлкенді сыйлау үзілді.
Инабатты тәрбие,
Партия келіп сызылды.

САНАГА НҮР ШАШЫЛДЫ

Шабуыл жасап санаға,
Оқ жаудырды данаға.
Кертартпалар үйретті,
Бала менен анаға.

Тоқырады ақыл-ой.
Тыйылды ұлттық айт пен той.
Жақыныңды жат қылды,
Түршікті содан тұла бой.

Зорлығына тұрды ұйып,
Әділді кетті шорт қыып.
Зұлымдық егіп адамға,
Келемеж қылды ырсияп.

Бойдағы намыс кіслік,
Кетті әркімнен ісініп.
Сараптап жақсы-жаманды,
Қайта ойланды түсініп.

Бостандық деп үн шықты
Жарқырап елге күн шықты.
Әміршіл әдет жойылып,
Кеңес заңы тұнышқты.

Жүріп еді қан қайнап,
Жүректі ыза-кек жайлап.
Егемендік алған соң,
Еркін шықты тіл сайрап.

Санаға қайрат нүр шашты,
Парасат ойга жол ашты
Қыранша шынга шарықтап,
Ойдагы арман іске асты.

ТҮРЛІ ПІКІР

Мұсін көркі - түс,
Тұстің көркі - іс.
Істі орнына келтірер
Қайрат, жігер, күш.

Алтынды тот баспайды,
Жаксыдан күт қашпайды.
Мактасаң да мадақтан,
Жаксыдан жаман аспайды.

Тұрмысты түзер - еңбек,
Қызындықты жеңбек.
Табиғаттың ырқына,
Адам сөзсіз көнбек.

Жылпос кірер ішіңе,
Араласар ісіңе.
Арандатар бір күні,
Сенбе ондай кісіге.


ҚҰСТАР

Ақкудын даусы естілер аспандагы,
Үйректің атқызбайды қасқалдағы.
Ұмытпа инабат пен ізгілікті,
Атадан ақылыңмен ассан-дагы.

Кездесер ұлар деген киелі құс,
Адамға іздеп табу о да бір іс
Ұларды киелі деп шулатады,
Аңшылар оны аулайды жаз бенен қыс.

Аспанин төмен агар қыран бүркіт,
Аңшыға колындағы о да бір күт.
Иесі қуанады ан ұстаса,
Табиғатта тағыны тағы да үркіт.

Пенде жүр бүл жалғанда құстай ұшып,
Тұрмыста көтеріліп, кейде түсіп.
Жалт етіп құс сиякты жоқ болады,
Қалады қас қағымда ажал қысып.



ДӘСТҮР

Халайык ата дәстүр, салтыңды ұста,
Олардан үлгі-өнеге қалды нұска.
Ұрлық, қарлық жемкорға еріп кетпе,
Ғаламдасып бұзылған осы тұста.

Елінде өркендерін тіл мен дәстүр,
Салтыңды берін бірдей қадеге астыр.
Дәлелді сөзіңменен жауап беріп,
Қарсы келген кісіні сөзбен бастыр.

Ғаламдасса жойылар ұят-аят,
Бейбастақ жат әдептер қанат қагад.
Тағылық тастанды істер хайуан тектес,
Зұлымдық, безбүйректік соған сайд.

Ермендер нашақор мен бұзықтарға,
Жезөкше жалаңаш тән қызықтарға.
Ибалы, инабатты салтыңды ұста,
Еуропаға еліктеп бұзып-жарма.

Жат әдепті кабылдап індеп қылма,
Біреуге көмек берсөн міндеп қылма.
Инабат, ибалық пен сый-құрметті,
Істеген әр адамдар сұндет қылма.

Халайык ұйымшыл бол отбасыңмен,
Жарасты бол жасай бер ер жасыңмен.
Ұриақ өсір, үлгілі салтың білсін,
Куанышпен жүзге жет ак шашыңмен.

ЕРШЕ ЖҮРСІН ЕРКЕКТЕР

Еркек ерше жүрмесе,
Адам емес елес бұл.
Еркек деген аты бар,
Күйс кеуде қанқа құр.
Ондай жаннан тумайды,
Ата-ананы сыйлар ұл.
Әйел айтса бағынып,
Жасық еркек болар құл.
Қисықты да қабылдар,
Бүйтіп көрген өмір тұл.
Дұрысын ұқ әйелдің
Қисық ісін жөнге бұр.
Ашуланып ұрыспа,
Таяқ емес, сөзбен ұр.
Басқа жанға айтпаймын,
Сендерге айттар ішкі сыр.
Әйел ерін тыңдаса,
Ақылмен іс шыңдаса,
Махаббатпен сыйласар,
Шын көңілмен жымдаса.

ӘДІЛ БОЛ

Бойда инабат, барынды,
Жастан сақта арынды.
Әдеппенен түсіндір,
Тұыс, жекжат, жарынды.

Алла ісіне табынып,
Ақылдыға бағынып.
Заман туды туратын,
Ақшалыға бағынып.

Аузыңа алсан Алланы,
Жөнделеді қалғаны.
Бекітпесен жүрекпен,
Ол тілектің жалғаны.

Тұрмыста жең қиынды,
Соган жұмса миынды.
Елге ұнамды іс істеп,
Ал халыктан сыйынды.

Осы заман арпалыс,
Көрсет жігер, ар-намыс.
Егеменді елінде,
Орындалсын арқалы іс.

Әрбір іске әділ бол,
Адастырмас осы жол.
Жұртқа керек дұрыстық,
Бәрінә айттар ақыл сол.

Ұятсызда иман жоқ,
Кей жан оны тыйған жоқ.
Кездеседі кер ауыз,
Ибалықты жиган жоқ.

Сыйламас ұл әкені,
Білінді ойсыз екені.
Айналасы белгілі,
Ақыл алған мекені.

Мактаганға тасыма,
Даттаганға жасыма.
Адал жүрсөң әділет,
Өзі келер касына.

Ізгілік пен ибасын,
Әйелдерді тыймасын.
Ұрыс, жанжал шығармай,
Әйел ерін сыйласын.

Жат жарына көз салма,
Қызықтырса қозгалма.
Ол біреудің меншігі,
Кінәлі істі қолға алма.

Көрсе қызар, іштарлық,
Тартқызады бір тарлық.
Көре алмайсың өзгені,
Ішінде бар ызгарлық.

Сала бермей бұлтакты,
Артқа қалдыр үрпакты.
Оқып көзін салатын,
Жазып қалдыр кітапты.

БОЛЫНДАР АГАЙЫНДАР ТАТУ-ТӘТТИ

Ортаңа ой тастаймын аталаска,
Бір-біріңен жырақ боп қаталаспа.
Суымасын алыстап араларын,
Адамгерлік жолмен жүр ката баспа.

Консандар бір қалаға, бір ұяға,
Қырандай самғайсыңдар шың-қияға.
Тірліктең өмірді сыймен откіз,
Келген сон адам болып дуниеге.

Болындар агайынмен тату-тәтті.,
Болысар кей ісіңе соған қатты.
Төңкөріліп құбылған заң мен заман,
Сондықтан дос қылады адамзатты.

Пайда үшін кей жан дос қой бүтін таңда,
Сол үшін жанын салар алыс жанда.
Кісілікті бұзатын істі ойлама,
Ар-ождан, әділетті істі қолда.

Ағайын бірлік қылып өмір сүргін,
Қартайып қуанатын тартар құлғін.
Тағдыр жетсе жан шығып, тәнің қалар,
Бакиға адам кетер үнсіз бір күн.

V. ЖАЛҒАН ДҮНИЕ

ӨМІРДІҢ МӘНІ

Өмірін өтсін жүрекпен,
Шапагат, нұрлы тілекпен.
Мейірім, достық, махаббат,
Жақсы өмірді түлеткен.

Аңы болса да шындықты айт,
Іске адалдық осы жайт.
Өтірік пен өсекті,
Коспай оны жөнге қайт.

Өмірдің түрлі мәні бар,
Кейде оның сәні бар.
Кейде шаттық сыйлайтын,
Махаббаттың әні бар.

Кейбіреудің көп міні бар,
Кей садамға сыны бар.
Адамдарға келтірер,
Алай-дүлей жыны бар.

Махаббатпен сүйгізер,
Өмір нәрін тигізер.
Жарға соғып кей кезде,
Лагынет қамыт кигізер.

ЖАЛҒАН

Адам мәнгі тұрмайды көрді көзің,
Пәни жалған деп ойла мұның өзін.
Ғайып болып дүниеден кетерінде,
Артыңда үлгі болып қалсын сөзің.

Бүгін бар дүниеде, ертең жоқпыш,
От болып бүгін жансан, ертең шокпыш.
Қияметті ойламай істемейміз,
Өйткені көйлек түгіл аска токпыш.

Алланың колындағы атар окпыш,
Қарын тойса мәз болған біз бір бокпыш.
Кейбір кез ар-ожданы сыршын тастап,
Қиянатка басатын есерсокпыш.

ТАҒДЫР ОҢДАСА

Адамға адам дос дейміз,
Ой-пікірді қос дейміз.
Кисыққа бұрса дұрысты
Әркенде ел бол өспейміз.

Адамды қырсық жондаса,
Ақылға сәуле конбаса.
Кері кетер керек іс,
Түзелер тағдыр оңдаса.

Тіршіліктे токпыш біз,
Жанып тұрған шоқпыш біз.
Ажал келсе бір күні,
Мәңгілікке жоқпыш біз.

Көп алеумет, халайық,
Ескіні еске алайық.
Үлгі алайық өткениен,
Оған зерді салайық.

АР-НАМЫС

Ер жігіттің басында ары болсын,
Арын сактар ардакты жары болсын.
Ел қамы үшін егессең ездерменен,
Кіслік, парасаттың бері болсын.

Жоқ болса бойларында ар мен ождан,
Ондайды намысы жоқ жандар бұзган.
Бейшаралық корлықпен өмір кешсөң,
Құлагандай боласың биік құздан.

ТЫЙЫМДАР

Елде сакта бірлікті,
Бірлікпен істе тірлікті.
Бір-бірінді жат көріп,
Көрсетпендер ірілікті.

Бір-бірінді сақтаңдар,
Керекті жерде жактаңдар.
Қадірлесіп, сыйласып,
Ретті жерде мактаңдар.

Үлкенді кіші сыйлаңдар,
Жамандыққа қимаңдар.
Құда-жекжат, туысты,
Маңайыңа жинаңдар.

Менгеріндер білімді,
Сайраттыңдар тілімді.
Жер жүзіне казагым,
Атың енді білінді.

Жаздың енді белінді,
Гүлге бөле елінді.
Атсалысып тыныңдар,
Тентек пенен телінді.

Бірінді бірің құндеңеме,
Кемшилігін мін деме.
Ақылыңды оңаша айт,
Кей ішінде үндеңеме.

Айтып аят-құранды,
Үйрет дұрыс ұланды.
Баяндама жат тілмен,
Көтерме бос үранды.

ЖАЛҒАН ДҮНИЕ

Дүние қызыл тұлкі бұландаған,
Адамды сол дүние лаңдаған.
Көңілі қап тауындан пенделерді,
Бақ тайса басқа дәulet құралмаған.

Кез жеткіз дүниенің жалғанына,
Опасыз талайлардан қалғанына.
Қызығын бұл өмірдің көремін деп,
Көп жандар жете алмаган арманына.

Дүниеге кім келмеді, кімдер кетіп,
Зымырап бара жатыр заман өтіп.
Тәубә, құлдық, киямет ойында жок,
Бір күні тағдыр, ажал келер жетіп.

Бұзылдық жетпіс жылдай дәурен өтіп,
Біз келдік ССР-дай дәуден отіп.
Ғаламдастық нарыкка араластық,
Ширатты әркімдерді әурелетіп.


Шыбындайды өсірді пілдей қылып,
Пілдей істі көрсетті тілдей қылып.
Адамдарға ақыл, ой, парасатты,
Бір Алла жаратпаган бірдей қылып.

Бұзылып әр аймақта кешен қалды,
Тұннығып шындықты айтпай шешен қалды.
Кенестің кер аузы салтты бұзды,
Ұрпаққа ие болмай, шешен қалды.

Адамға жақсы-жаман келер кезек,
Ауысар екеуі де елді кезеп.
Жақсысына куанар, жамандыққа
Қарғыс айтып адамдар етер безек.

Тау мұжылып, зат шіріп бітеді өмір,
Өзгеріске түседі барлық өнір.
Жанды, жансыз нәрселер тозып, шіріп,
Ман даладай құлазыр қалған көніл.

Дауыл желге бұзылар тау мен тасын,
Өсек сөзге бұзылар дос пен касың.
Басына жазатайым бір іс түссе,
Бағдарламай қалады мәнгүрт басын.



ӨМІР

Дүние-жалған бу екен,
Өмірін күрес шу екен.
Пәнидегі тірлігін,
Адамды алдар ку екен.

Қызықтырған өмірсің,
Өмірге құштар көнілсің.
Адамдардың өмірі,
Шат түрмисқа көмілсін.

Өмірдің білмей бағасын,
Есіріп, елең қағасын.
Бажайламай тірлікті,
Айдалаға лағасын.

Ғаламат сырлы дуние,
Сырына оның кім ие.
Сан тараулы ғаламда,
Жаратушы бір кие.

Абайласаң жан-жақты,
Даналар етті ардақты.
Өмір нұрын жайнаткан,
Солардан ешкім қалмапты.

Жер шарының жұмыры-ай,
Күнді айналар зымырай.
Халыққа қайғы экелер,
Саясат деген сұмырай.

Тұлкідейсің бұландаң,
Қас сұлуындаң сыландаң.
Дүние жалған бұлдірер,
Тіршілікті лаңдаң.

Жарқыратып атынды,
Ардақта өз халқынды.
Үйрет жүртка, жастарға,
Әдет-ғұрып салтынды.

Барады бұл жалғаннан өмір өтіп,
Жас келіп, алдымызда кәрілік жетіп.
Денені әжім басып, тән картайды,
Бойынан қайрат-жігер, күшің кетіп.

Бұл өмір шырмауықтай шырматылған,
Жалғасып ғасырлардан шұбатылған.
Бірі ауыр, бірі женіл еңбек етіп,
Әділет зұлымдықпен ыргатылған.

Біреуді біреу білмес опыр-топыр,
Ажыратар іс емес миға тоқыр.
Қайда кетіп барады қайран казак,
Көзі ашықтың бәрі де болды сокыр.

Халқымыздың бірі бай, бірі кедей,
Ұры әкетер малдарын ішпей-жемей.
Күнкөріске ұстаса елде малды,
Нарық қысса не дейміз кедей демей.

Өміріміз тым қысқа,
Үрпақ келер алмасып.
Айт оларға сөз нұсқа,
Заман келер алмасып.

Отіп жатыр әр күнім,
Мұнарланған сағымдай.
Откен дәурен күндерді,
Тұра алам ба сағынбай.

Ер бақытты болғанмен,
Өнегелі ұл емес.
Байлық, мансап толғанмен,
Парасатты құл емес.

Бізге өмір жоқ мәңгілік,
Таң атқан соң күн батар.
Тек табигат жаңғырып,
Келешекке үн қатар.

СЫНГА

Келді талай қымбаттым,
Соларға сөз тыңдаттым.
Сөз саралтай білгенге,
Тіл дамытып шыңдаттым.

Сөз сейледім жүртyma,
Сөз шыгардым сыртyma.
Еліңе арнап ақыл айт,
Тыкпа оны ұртына.

Ой қисығын түзеттім,
Сөз қисығын күзеттім.
Қадірледі жөн сөзді,
Мені сыйлар ізеттім.

Сөз арнасан халқyma,
Ұнамаса шалқyma.
Кем-кетігін түзетіп,
Сал копшілік талқығa.

Пейілі бар марқасқa,
Білетінмен арбаспа.
Жасы ұлкенмен жарысып,
Етегінен жармаспа.

Кеңірдектей кеңеспе,
Кеңесшімен егеспе.
Білмеген соң негізін
Жармаспа бәсекелеске.

Артқан шығар дәuletін,
Сәнді шығар сәuleтін.
Мактан елге ақылды,
Санаалы болса әuletін.

Арам ойды қүштейсің,
Ақыл-ойга түспейсің.
Кесіп-пішіп ойыңды,
Жат пікірмен түстейсің.

ДҮНИЕ БОҚ

Барады ауган бұлттай дүние өтіп,
Жан кетер тағдыр жазған мезгіл жетіп.
Бейнеттеніп жинаған дүние бок,
Қолдың кірі сиякты қалар кетіп.

Дүниені еңбекпенен алсаң құрап,
Бір көргеннен өзіңе кетеді ұнап.
Мәңгі баки бағанды бола алмайды,
Толқып тұрган дүние ол бір ойнап.

Дүниені адап тапсаң кенелесің,
Алдыңғы ауқаттыға теңелесің.
Кетерде дүниеден түк әкетпей,
Артыңа мойын бүрмай жонелесің.

Байыса кейбіреулер болады мәз,
Сарандардың нашарға берері аз.
Бір күні айырылады сол байлыктан,
Кезекпен ауысқандай қыс пенен жаз.

Тірлікте дүниемен тойынасың,
Ажал жетсе жалғаннан жойыласын.
Денеңе бес метрлік акты орап,
Кара жерге қоміліп қойыласын.

Сайрандал өткізесің ойын-кулкі,
Әр жерде шашылады ердің мұлкі.
Қусаң да жеткізбейді дүние бок,
Бұлаңдал ұстаптайтын қызыл тұлкі.

Тірлігің өте шыгар көрген түстей,
Бар пенде теңелмейді көрге туспей.
Дүниені адам пенде бұлдіреді,
Бір Алла итермелер қара күштей.

Көреді әркім істі басқа салған,
Пендендер үл дүние бәрі қалған.
Топыракқа тояды өлгеннен соң,
Өтеді ғайып дүние пәни жалған.

Кезімен келсе адамға ажалды ок,
Қалады бәрі артында дүние бок.
Боктыққа ие болар балаң болар
Одан кейін белгісіз кім бар, кім жок.

VI. БІЛІМ, ТІЛ ҰСТАРТУ

ДАМЫТ ӘДЕТ-САЛТЫҢДЫ

Баяндайық тіл жайын,
Сағат сайын, күн сайын.
Тілмен сейлес елінде,
Ағызыңдар сөз майын.

Айырып сөз парасын,
Қыстырып сөз арасын.
Қисындымен келіскен,
Мәнерлі сөз тарасын.

Болсын сезің сымбатты,
Оқығанға тым тәтті.
Сөз сүйектен өтеді,
Шындықты айтса тым катты.

Өлең - сөздің маржаны,
Қосылмасын арзаны.
Соған құмар казактың,
Әнгеге құмар бар жаны.

Мысқа қоспа алтынды,
Теріс бұрма халқынды.
Салт-дәстүрін өркендет,
Дамыт әдет-салтынды.

ӨЗ ТІЛІМЕН СӨЙЛЕҢДЕР

Еуропага алдың бет,
Фаламдасып қалдың шет.
Тіл-дәстүрді дамытып,
Еркін сүрер ойға жет.

Болмаса елдің тілдері,
Жаттың басар зілдері.
Аз ел көптің ішінде,
Дамымайды ілгері.

Тілде де елдің саласы,
Ешкімнің жоқ таласы.
Өз тілімен сөйлендер,
Бар казактың баласы.

Қыстырылып арага,
Дәрі болып жарага.
Үлес қостым өлеңмен,
Мәдениет шарага.

Деменіздер бұл несі,
Әрбір жанның күресі.
Атсалысу қоғамға,
Мәдени шара үлесі.

Салыссын тілге әркім ат,
Тіл халқыма емес жат.
Кітапқа көмек шықпады,
Табылмай тұр меценат.

ТІЛДІҢ ЗАРЫ

Отсе де халкымызга тілдің зары,
Басқа тілде сөйлейді жүрттың бәрі.
Намысы жоқ қас надан кей адамның,
Қалмады бойларында ұят-ары.

Елдікке сын екенін тұрсың сезіп,
Масайрама тіліңмен жатты кезіп.
Тілден бәзен жоғалады тұган халкың,
Мәнгүрттеніп кетпендер тілден бәзіп.

Айырылма тілден сен де арға пенде,
Тілімізді қолдайық мен де, сен де.
Мемлекеттік тіліңмен бәрін сойлес,
Еш халықтан тіліміз емес пенде.

ҚАЙДА КЕТТИ НАМЫСЫҢ

Ел баскарған биліктің,
Егеменге киліктің.
Тілімізді шұбарлап,
Ғаламдасып ұйлықтың.

Сөз жүзінде тіл дейсің,
Іс жүзінде білмейсің.
Мемлекеттік тіліңмен,
Қай уакытта гүлдейсің.

Өз тіліңnen bezesіn,
Tіl dep bosқa ezesіn.
Telедидар жаңында,
Басқа тілді кезесіn.

Жат жүрттарға жағынып,
Кеттіңдер ме бағынып.
Қазак тілін менсінбей,
Кейбірің жүр қағынып.

Әлемге жетті дабысың.
Кем емес елден табысың.
Өз тілінде сөйлемей,
Қайда кетті намысың.

ТҮР ТҮНШЫГЫП

Орысша тіл түр шығып,
Өз тілің түр түншығып.
Өз тіліңде сөйлеуге,
Шошисындар түршігіп.

Елді жат тіл түр кезіп,
Оны бәрі түр сезіп.
Жаттан алып білімді,
Көбі тілден жүр безіп.

Тілді білмей жатқаның,
Зор күнәға батқаның.
Ата-бабанды ұмытып,
Өз халкынды сатқаның.

Жат тілменен толмайсың,
Жаттың ұлты болмайсың.
Өз тіліңен безінсен,
Қазақ болып онбайсың.

Ой саламын мазалап,
Жат тілдіңі жазалап.
Ардакта ана тілінді,
Колдан оны тазалап.

ҰНАСЫН ТАЛАЙГА

Ұқсагың келсе Абайга,
Байқап сөйле, абыла,
Сырлы, сұлу сөздерің,
Ұнамды болсын талайға.

Ұнатканмен сөзімді,
Ұнатпайсың өзімді.
Сиқым сынға толмайды,
Тауысады төзімді.

Жай басатын халықпрыз,
Ғылымнан кеш қалыппрыз.
Егеменді ел болдық,
Енді әлемде алыпрыз.

Ойымыз бір, жан басқа,
Қанымыз бір, тән басқа.
Ауыздан шыққан сөзіңе.
Амалым жоқ нанбасқа.

СӨЗІ ӨЛМЕЙДІ

Төнкеріліп құбылған мына жалған,
Қуаныш пен қайғыны катар салған.
Дүниеден өтсе-дағы сол бақытты,
Мәнгі өлмейтін артында сөз калдырган.

Кейінгілер алдыңғыға көз салады,
Кітаптан сөзін оқып, қолға алады.
Ақылды, парасатты өнеге бол,
Өзі өлсे де, артында сөзі қалады.

Табиғат тынысынан өзгермейді,
Кейінгі заман сиқын көз көрмейді.
Қонақ боп дүниеден көшкенімен,
Дананың өнегелі сөзі олмейді.

Біз пенде жалғандағы көптің бірі,
Бойымда толып жатыр мінез кірі.
Дүниеден өтіп кеткен даналардың,
Өзі өлсе де өлмейтін сөзі тірі.

Омір-күрес, тіршілік бұл бір майдан,
Жер шарында әлемге қанат жайған.
Өнер күшің болмаса ақылыңмен,
Халқыңа өнегелі тисін пайдан.

ҚӨБІК СӨЗ

Тіліміз көбік сөзбен көпіріп тұр,
Тілшілер жөнделді деп лепіріп тұр.
Токсан бірден бері қарай айқай салып,
Халайық тілді айтып... өкіріп тұр.

Халқын сүйген рухты жандар болсын,
Мемлекеттік тілімді таңдар болсын.
Тілді алға шығарар ер азамат,
Елдің алға басқанын аңсар болсын.

Ел едік ағызатын тілдің майын,
Тіліммен толғанамыз әр күн сайын.
Әуестеніп жат тілге үйренген соң,
Еске алым ойламаймыз тілдің жайын.

ТІЛМЕН СӨЙЛЕТ

Тілді жиі жын кып,
Талқылайсың ұйым ғып.
Тарих кешкен тілінді,
Қолданбайсың киын кып.

Жын ашса тіліңмен,
Тілге құрмет білінген.
Жат тіл келіп күлігер,
Содан тілім бұлінген.

Тіл білуді құптайды,
Накты іспен шықлады.
Жындарда сөйлесе,
Басқа тіл кеп сұктайды.

Мектептер бар аралас,
Тіл түзуге жарамас.
Тілді ұстартам десеніз,
Шұбарламай дара бас.

Бәрің де бол білімді,
Жайнат тілмен гүлінді.
Шұбар тілден тазала,
Мемлекеттік тілінді.

Созбай оң мен солыңа,
Сал тілінді жолыңа.
Мемлекеттік тілінді,
Ал тазалап қолыңа.

Женем десең киынды,
Тіліңмен аш жынды.
Әкімдер мен басшылар,
Тілмен сөйлет ұйымды.

ТІЛ

Өз тілінен шошыма,
Жат тілменен жасыма.
Баба тілін өркендет,
Қасың менен досыңа.

Мемлекеттің тіл жайын,
Баяндаңдар күн сайын.
Үйде, тұзде қолданып,
Ағызындар тіл майын.

Тілің - ұлттың тамыры,
Тамырсыз кетер сабыры.
Тіл жойылса ұлттың жок,
Елге тиер зәбірі.

Кездескенде жатыңа,
Қарама оның затына.
Сөйле ана тілінде,
Кір келтірме атыңа.

Өз елінде қазақсың,
Тілді білмей мазаксың.
Өз тілінді менсінбей,
Ұрпағыңа азапсын.

Өз тілінен bezesің,
Жат тілменен ezesің.
Жетпіс жылға жеткенде,
Бостандықты сезесің.

АНА ТІЛІН ЖӨНГЕ САЛ

Тілді сүйсе өз басын,
Тілді білсін отбасын.
Оз тілімен сейлесін,
Туыс, жекжат, жолдасын.

Сейлескенде сіз бен біз,
Сайрайыкшы жаз бен күз.
Тілін сыйлаап үйрениңін,
Жат тілдері ұл мен кыз.

Дамытындар тілінді,
Тіліңмен ал білімді.
Жат сөздерден тазалап,
Солдырмандар гүлінді.

Мемлекеттік тіліміз,
«Елдігіміз» деп біліңіз.
Намысқа шап, арды оят,
Құлаққа оны іліңіз.

Әлемге аян кеңдігін,
Ана тілің-тәндігін.
Мансұқ қылсаң тілінді,
Аллага жат ендігін.

Тілге бетің бұрылсын,
Жеке болім күрылсын.
Әр мекеме, ұйымда,
Істі казакша жүргізсін.

Қауым халық, сері, сал,
Тіл тағдырын колыңа ал.
Үлкен, кіші барлығың,
Ана тілін жөнгө сал.

ОҚЫНДАР

Ел жастары, оқындар,
Оқығанды тоқындар.
Окуменен тазарап,
Көңілдегі қоқымдар.

Надандықты тыйындар,
Селқостықты қойындар.
Еуропаның кольданған,
Біліміне дең қойындар.

Білім алып, өрлеңдер,
Азamat боп төрлеңдер.
Құресіндер ел үшін,
Еш жамандық көрмендер.

Қолды алыска сермендер,
Пайдасызды термендер.
Өркендет өз елінді,
Жатка есе бермендер.

Байыдым дең шалқыма,
Тұспе кисық талқыға.
Ғылымды үдет, алға бас,
Еңбек сінір халқына.

Молайтындар табысты,
Үдетеңдер шабысты.
Бәсекеге түсіндер,
Жібермендер намысты.

Тында ақыл, данаңды,
Байытындар санаңды.
Дамытындар ғылыммен,
Жетілдіріп санаңды.

КІТАПҚА СЫН

Кітап шықса ақыннан,
Парасатты ақылдан.
Тұсаукесер кезінде,
Келер алыс, жақыннан.

Оқып әркім сын айттар,
Кем-кетігін шын айттар.
Әділеттен бұрылса,
Ақын көңілін мұнайтар.

Сынағаны мақұл ғой,
Біліп айтса акыл ғой.
Оқырман мен ақынга,
Әділі нақты, қысқа ой.

Қателерін өшірер,
Сапасызын кешірер.
Құндысы болса үлгі алар,
Мадақ қылып өсірер.

Білсе сөздің парасын,
Ой салуга жарасын.
Оқып одан айырсын,
Істің ақ пен карасын.

Орысша алып білімді,
Шұбарлады тілімді.
Бұрмаланды кейбір сөз,
Содан қате білінді.

МАҚСАТЫ СОЛ

Кейбір жан оқымайды газет-кітап,
Рухани білімі қалды жұтап.
Күнкөріске итеріп бар кінені,
Шұбарлады тілімді кесіп-бұтап.

Казактың тілін дамыт, ілгері бас,
Жат тілмен былғамай, көзінді аш.
Мемлекеттік тіл ортақ барлық ұлтқа,
Әділ болсаң бұл тілмен сәуленді шаш.

Жарқырап нұрын төксін ана тілің,
Жайнасын көзді тартып қызыл гүлің.
Ауызша жазбасаң да, бірдей жүрсін,
Мемлекеттік тіліңмен алған білім.

Тіліміздің гибрат-ұлгісі мол,
Күмәнданбай бұл сөзге сенімді бол.
Ұлғі алсын өз тілінен жастарымыз,
Газет оқы дей-тұғын мақсаты сол.

Кітапты сатпай берем, бәрін тегін,
Жат тілмен сойлейтінге еккен егін.
Ел болсаң қазақ тілін шұбарлама,
Әлемге жайнатындар тілдің көгін.

VII. ДЕНСАУЛЫҚ

ЖАЯУ ЖҮР

Қан тарайды денеге жүрген сайын,
Менің бар үйреншікті осындайым.
Пайды бар жаяу жүрсе денсаулықка,
Естерінде ұстандар оны әрдайым.

Айтпаймын мұны өзіме қаратуга,
Айтамын сөзді пайдага жаратуга.
Жаяу жүрсе денеге пайдасы бар,
Бойдағы қанды ұйыған таратуга.

ДЕРТ

Бар ғаламды жаратқан Алла шебер,
Жанды-жансыз нәрсеге мейірім төгер.
Жараңған жанды заттың әрқайсысын,
Парасатпен бойына нұрын себер.

Кей жандар кетіп жатыр тұтқылдан,
Әп-сәтте тағдыр келер бір киырдан.
Табиғаттың бұзылған әсерінен,
Адамның денесіне дерт жайылған.

Ауырып бара берсе дәрігерге,
Тұсірме дәрігерді әбігерге.
Аз ұйықтап, карныңды аспен тықпа,
Толтыртпа науқасынды жәдігерге.

АРАҚ

Ақпейілді халыкпаз,
Қымыз елі салтымыз.
Әуесқой боп аракка,
Бетті бұрдық жалтымыз.

Ұлғі едік бір кезде,
Соны бұздық бұл кезде.
Арақ ішпе, кой десе,
Кері тартар кей езбе.

Егемен боп түрайық,
Ұлт дәстүрін құрайық.
Кердең, кесір әдеттен,
Салтқа бетті бұрайық.

Салтымызды түзейік,
Мастық дерпті қүзейік.
Уландырмай сананы,
Арактан кол үзейік.

Сарапта да сен ойла,
Арак берме тойына.
Ата-баба әруагын,
Онеге қыл бойына.

Намысты ел казақ кой,
Қазаққа арақ мазақ кой.
Мас боп естен айырылу,
Жанымызга азап қой.

Арыстарым, шалқыма,
Мастарды сал талқыға.
Адамдықтан бездірмей,
Салтыңды бұр халқына.

ШАЙ

Хош иісті үнділік қағаз шай,
Үстемелеп қаймак құйсаң оған сай.
Қызылқұрен шай ішкенде бабымен,
Терлеп-тепшіп жадау көнілің болар жай.

Шай ішкенде көнілінді ашар шайдай бол,
Дәмі жағар жүргегіне майдай бол.
Біраз уақыт бұл әдеттен тыс қалса,
Көніл-күйі бұзылады бей-жай бол.

Осы күні шай болды елдің асы,
Шай ішеді әр мезгіл кәрі-жасы.
Ұлken-кіші бас қосқан жиындарға,
Алдымен шайға ауады ықыласы.

Халықта бірінші ас бол орын алды,
Өзгеріп жылдан-жалға порымдалды.
Ет пен қымыз, құрт пен майы сырлылып,
Шай келіп, жаңа дәстүр жолын салды.

VIII. TABIFAT

ЖАЗ

Шуакты жадыраған жаздың айы,
Көкшалғын, жасыл дала, тау мен сайы.
Ойда орман, қаракат пен жеміс-жидек,
Аңқиды алқабынан иіс майы.

Құлпырып жердің беті ғулденеді,
Көз тартып, алуан түспен түрленеді.
Ақ, сары, кызыл, жасыл қызгалдактар,
Түкті кілем түгіндегі түрге енеді.

Күлпирған жеміс пен жидек бағы,
Дүниенің тан қалғандай әрбір жағы.
Жараскан жаратылыс жер бетінде,
Кызыкты табиғаттың осы шағы.

Айнала маужыраган жаздың күні,
Көлдерде ұшып-конған құстар үні.
Жараскан табиғаттың нұскасынан,
Табылмас өн бойынан ешбір міні.

Дұылдан шыбын-шіркей, құрт-көбелек,
Аңдар жүр қырда жортып, тау жебелеп.
Сарышұнак, борсық, күзен інін қазып,
Айдын көлде құс ойнару су себелеп.

Шет-шексіз төңкерілген көкшіл аспан,
Алыста жермен шеті астарласқан.
Жан беріп табиғатты жандандырып,
Көктен күн жер жаһанға нұрын шашқан.

НАУРЫЗ

Наурыз күні мереке-жылдың басы,
Карсы алды қуанып көрі-жасы.
Жеті түрлі тағамнан көже жасап,
Дос-жаран ауыл-аймақ ішер асы.

Наурызды тойлаган шығыс халқы,
Қайта келді жоғалған дастүр салты.
Тендік, бірлік, татулық, елдік үшін,
Ел болып қызықтайды бұны жалпы.

Осы күні күн мен түн тенеледі,
Қыстан шыққан жандарға жөн келеді.
Озгеріп табиғаттың бет-бейнесі,
Құлпырып Жер-анаға өн береді.

Тарихтан тойлап келеді казақ елі,
Татулық пен бірлікке тартып желе.
Бір-біріне қатесін кешіреді,
Бірлі-жарым елдегі тентек-төлі.

Біз осындай ел едік ынтымакты,
Үлгі қылсын өзге елдер біздің жақты.
Наурызда үйретіп жастарға үлгі,
Салт-дәстүр өнеге қыл осы шақты.

МАМЫР

Күн әлемге нұр берген,
Жер құлпырып түрленген.
Табиғаттың қызығын,
Адам көрмей, кім көрген.

Нұрын төгіп, май келді,
Халық құткен ай келді.
Егеменді елімнің,
Тойларына сай келді.

Майдың лебі майдасын,
Майда гүлдер жайнасын.
Жан сергіткен ауасы,
Ой сергітер жайдасын.

КӨКТЕМ КҮНІ

Күн жылып, шөп шығарар кара жерге,
Жұрт тегіс еңбек етер, түсіп терге.
Өндіріс пен егіндік даламызда,
Еңбек етсең нұр жауар талай ерге.

Шуакты күн оң берер табиғатқа,
Қан жүгіріп, құш берер жамигатқа.
Ой мен қырдан кездесіп дос-жарандар,
Иманжұзін бұрады шаригатқа.

Көк күмбездей төбенцен аспан төнер,
Жер бетін күн қыздырып, нұрын төгер.
Ашық күні адамдар жайран қағып,
Жерді жыртып, бау-бакша, егін егер.

Жібіген соң сірескен жердің тоны,
Көк көрпедей құлпырар дала жоны.
Мал төлдең, әк молайып ел ішінде,
Көкке тойып оңалар малдың қоңы.

Кейбіреулер саудамен сабылады,
Қам-карекет одан да табылады.
Жазға жақсы киінің қызы-келіншек,
Опа-далап бетінә жағынады.

Бір қалыптан өзгермес тас пен такыр,
Алтын жауса жібімес сараң пакыр,
Жанды-жансызың нәрсенің бәрі өзгереді,
Бұл пәниден өтеді түбінде акыр.

КӨКШЕТАУ-БУРАБАЙ

Көкшетау басың биқ мұнарланған,
Тамсаның талай ақын жыр ариаган.
Боленіп өне бойың ән мен жырга,
Сипатың сан тұлғамен тұмарланған.

Тұрады шынар басың көкке тиіп,
Көктен күн нұрын төгер бетін сүйіп.
Көргенде қайың, терек, карагайды,
Айналып кете алмайды сені қыып.

Көкшетау Сарыарканың көріктісі,
Анқыган иісі жұлар, іші тысы.
Ауасы дертке дауа, жанға шипа,
Тұрады жасыл болып жазы-қысы.

Көрікті көз тартатын гүлзар бағым,
Ораган мұнарланып сені сағым.
Ерікті егеменді ел болған соң,
Шалқытып жырлайтұғын осы шагым.

Ақындар көп ойыскан Бурабайға,
Мен-дағы ораламын осы жайға.
Жыр түгіл әнге қосты Көкше көркін,
Әйтеуір теңеген жоқ күн мен айға.

IX. АДАМНЫҢ МИНЕЗ-ҚҰЛҚЫ

Адамның миңеzi-құлқы

КӨПШІК ҚОЮ

Күле қарап бетіңе,
Көпшік қойып етіне.
Жылпостар жүр колпаштап,
Шығарып топ шетіне.

Сөзді жөнгө тірейік,
Аярсынбай жүрәйік.
Жалған тарих, жат сөзді,
Ақ алмаснен тілейік.


Басына қойып жастығын,
Колпаштайды бастығын.
Оз пайдасын ойлайды,
Іштен ойлап қастығын.

БІРІГУ

Қости батыс шығысты,
Бірін-бірі ұғысты.
Қырги-кабак азайды,
Алды енді табысты.

Ел бір-бірін сыйлады,
Маңына дос жинады.
Еске алмады өткенді,
Жамандықка кимады.

Ғаламдасты бірігіп,
Бір-біріне кірігіп.
Откен дәуір сияқты,
Корсетпейді ірілік.



ҚАРАГАНСЫҢ

Ақыл кіріп кейбірің түрленіпсін,
Ғаламдастып кейбірің кірленіпсін.
Басқа елдің боктығын алтын көріп,
Ақыл-ойдан алжасып бүрленіпсін.

Бірліктерің жоғалып тарагансын,
Жаттың иек астына қарагансын.
Құлдық кешкен адамдай еңбек етіп,
Саясатқа бағынып жарагансын.

Басқа қан қосылған жок қандарыңа,
Салт бұзылып, дерт салды жандарыңа.
Ауызбірлік, сыйластық болмаган соң,
Жат жұрт келіп қосылды сандарыңа.

ҚАЙШЫ ПІКІР

Ар-ұят жок, ынсан жок кей адамда,
Сондай жандар кездесер бұл галамда.
Алагат, кисық істер кантап жатыр,
Ел ішінде жайылған сан-саланда.

Күле кіріп, күнірене шыгатын бар,
Кірген үйдің беделін жыгатын бар.
Бұл екі әдет халқыма қайшы пікір,
Бұның теріс екенін ұғатын бар.

МАГАН СЫНАҚ

Менен көзін жазбайды құдай шұнак,
Жас кезімнен арнады маган сынак.
Бір жағалап, бір тұрып алға жылжып,
Үміттеніп күтемін алдан шырап.

Жалғаннан машақатты көрдім туып,
Арпалысып алыстым арман күші.
Заманның кесапатын бастаң кештім,
Жақсылықтан жамандық болды жуық.

Көп көрдім дүниенің теперішін,
Басымнан өтті наубет өтер ісін.
Еліміз егемендік еркіндікте,
Конілім соны көріп, көтерілсін.

Тағдырың не жазғанын кім біліпті,
Қырсық шалған адамдар көзге ілікті.
Біреуге кайғы, біреуге бақыт сыйласап,
Тағдыр өзі білмейді ізгілікті.

Галамда өмір жалған, күн сөнбейді,
Тірлік мәңгі бұруға бір көнбейді.
Алдыңғыға соңғы келіп жалғасады,
Қырсық шалған топастың ісі өнбейді.

Жүргенімде өзгеден ірімін деп,
Парасатты жандардың бірімін деп.
Ертең тағдыр ондайды қағып кетер,
Жүргенімде алшаңдаш тірімін деп.



ЖАМАНДЫҚТАН АУЛАҚ БОЛ

Тәбіліт пен жәбіліттің үрпагы,
Жын шайтан бол тарап кетті бұл тағы.
Бұзық жолға түсіп жатыр кейбіреу,
Тарап жатыр елімізге бұл жағы.

Ұрлық қылыш бір-бірінді қанама,
Бір аймақтың адамын жат санама.
Кісі өлтіріп кейбіреуі үй тонаң,
Жамандықты үялатты санага.

Есің болса бұзықтықты істеме,
Қандасына азу басып, тістеме.
Малын үрлап, зар қақсатып, карғатып,
Шаруасына залал салып күштеме.

Қаржысына залал салма халықтың,
Қазак деген егеменді алыптың.
Коррупция, сыйбайласкан жемқорлар.
Айта-айта халқым оған жалыктың.

Айтам сол үйір болма бұзықка,
Бұзықтықты санамаңдар қызықка.
Еңбекпен де асырайсың отбасын,
Тірелмендер жаманатты сызықка

АҚЫМАҚ

Адамзатта болады,
Ақымақ пен ақылды.
Айыра алмас кей надан,
Қисық пенен макулды.

Кешірмейді кей надан,
Байқап алмай гапылды.
Іші зұлым, арамза,
Қуаттамас накылды.

Жүған жүндей түтеді,
Жуастарды, пақырды.
Қаныпезер кас жауыз,
Тактай қылар тақырды.

Опасыздар жат ойлы,
Қолшаштайды кәпірді.
Келімсекпен келісіп,
Шеттен пәле шақырды.

Х. ӨЛЕҢ-ЖЫРЛАР

Толар түрткүл айнан да
Айнан да толар түрткүл

КІТАП ОҚУШЫЛАРҒА

Тірлікте араладым ой мен қырды,
Көп көрдім ел ішінде талай сырды.
Заманиң үйқы-түйқы өзгергенін,
Сипаттап әр қырынан жаздым жырды.

Өмірден санағы адам білім алмақ,
Құбылған саясатқа көзін салмақ.
Адамның іс-әрекет, пифылдары,
Айтылып көпшілкке сөз боп қалмақ.

Пенденің бірі топас, бірі миң,
Кей адам ақылымен болар сыйлы.
Жел сөзді біреу ұғар, біреу ұқлас,
Талғамы әр адамның қылышы.

Сөзім жетсін маңызын білген жанга,
Ой салсын ойсыз өткен мың мен санға.
Бір ғасыр бастан өтті үйқы-түйқы,
Күтіп тұр қандай заман келер таңға.


Ойламадым өлеңді жазамын деп,
Басшылардың қатесін қазамын деп.
Партократ кезінде зіл қаптады,
Сол кездің кісісі айтпас тазамын деп.

Тар соқпак, тайғақ кешу, өмірлік жол,
Пенденің маңдайына жазғаны сол.
Бұл өлең торт бөліктің бір парасы,
Оқы да бұл кітапқа риза бол.

СӨЗ ҚАЛАДЫ

Жалғасып бір ғасырдан бір ғасырга,
Сөз қалар бір асылдан бір асылға.
Үлгілі сөз асылын біле алмайды,
Кездессе ойы саяз бір масылға.

Жақсыдан парасатты сөз қалады,
Жаманнан ұсталмаган бөз қалады.
Дананың кейінгі ізін жалгастырар,
Асылдың сынығындай көз қалады.



СЫН

Болса егер бойыңызда жігер-талап,
Өмірден керегінді ал аттай қалап.
Алғаныңды пайдалан кіслікпен,
Маңызын бағалай біл көпке балап.

Қомсынып аландама жүртка қарап,
Ісініз пайдаға асып жатсын жарап.
Ұнатса корген қауым еңбегінді,
Үлгі болып халықта кетсін тарап.

Бір ісің ел ішіне кетсе еніп,
Үмітін жогалтпайды саган сеніп.
Тұындаған жарасты ісің болса,
Кетеді кем-кетіктің бәрін женип.

Ашып айт бар шындықты бетін тырнап,
Кем-кетікті түзендер сөзбен қырнап.
Жарамсақ боп жагынба төрелерге,
Көрсетпей кемшілігін сөзбен сырлап.

Көріндер кемшілікті сынға салып,
Алғандай бір нәрсені суга малып.
Әр нәрсе сыннан кейін түзеледі,
Іс орнына келеді еліп-талып.

Жөнге келіп жатқан жоқ істің бәрі,
Іс түзелер болса егер ұят-ары.
Жалғастыраң ісінді қогамменен,
Татымды боп шығады жұмыс нәрі.

Болса егер азаматтың ақыл-есі,
Болмайды игіліктің ерте-кеші.
Өзі үшін жайылатын хайуан болмай,
Қоғам мен көшіліктің камын жеді.

Іс бітпес араласып ішке кірмей,
Қоғамның қайнап жатқан ісін білмей.
Жанталасып жалғанда карманып кал,
Іс онбас күресусіз өмір сүрмей.

ӨЛЕҢ ЖАЗ

Ой білінсін, өлең жаз,
Өзгеге көніл емес мәз.
Бой сергітер өлен-жыр,
Еркелесін күлкі-наз.

Жүректе жыр бар шалқыған,
Әуезді ән бар қалқыған.
Шындалып шықкан шымыр жыр,
Сыналаип шықкан талқыдан.

Сарп етіп ойдың санасын,
Сарапта жырдың сарасын.
Саналы жандар ойлансын,
Оқыған жандар карасын.

Байқайын бойда шамамды,
Шырқайық жыр мен жаңа әнді.
Егемен болып жаңарған,
Мадактайық заманды.

ӘННІЦ ҚӨМЕГІ

Кім сүймес тамылжыған әсем әнді,
Ән сүйер жұрттың бәрі болса мәнді.
Жабырқаған көнілді жадыратып,
Жаңғыртады әуені тұрған манды.

Шертеді әсем ән жүрек қылын,
Еске салып қайғылы откен жылын.
Бірде шат, бірде қайғы мұңзын шертіп,
Жарқыратар жабулы жүрек нұрын.

Әндер бар тамылжыған таңғажайып,
Жаксы әнші айтса қалықтар қанат жайып,
Ақыл-ойың шарықташ көніл өсер,
Бойдағы қайғы-мұңдан болар ғайып.

Әсерлі әнге кетеді денең балқып,
Көтерілер көнілің ойың шалқып.
Құйқылжып сорғаласа әсем әуен,
Жаңғырығы тұрады көкте қалқып.

Ән кетеді қайғыны ұмыттырып,
Арманды алға әкетеді үмітті ғып.
Қайғы, қасірет, басына төнген бұлтты,
Майда желдей ән соны кетер түріп.

ӘНГЕ ҚҰМАРЛЫҚ

Кейбір жандай мен-дағы әнге құмар,
Асқақтата салған ән көңіліме ұнар.
Әсем әннің дауысы көкке өрлесе,
Әнді сүйген көңілім сонда тынар.

Жақсы ән мен тәтті күй көңіл ашар,
Жүрекке шапағатты нұрын шашар.
Қайғысыздың ойларын шарықтатып,
Қайғылының қапалы көңілін басар.

Жақсы әнгे кетеді көңілің шалқып,
Сары майдай толқиды денен балқып.
Шаттық кернеп бойынды қуанышпен,
Асқақ ойың кетеді каздай калқып.

Асқақ әнгे кетеді бой шымырлап,
Елегізіп елжірей ой жыбырлап.
Көкейінен кетпейді зор дауысты ән,
Құлағында калады ән сыбырлап.

Зор дауысты әншінің әні тәтті,
Билем алар ән сүйген адамзатты.
Аспандағы аккуга үнін косса,
Шартарапка естілер катты-катты.

Құмар болсаң кейбірің ән мен жырга,
Махаббатты жүрегің толар сырға.
Шаттығынды карсы алсан ән күйменен,
Тірліктे бөленесің ләzzат нұрға.

ЖАН-АЙ

Ой жігерлі жас-ай,
Он алға бас-ай.
Егемендік кез келді,
Салтыңа есік аш-ай.

Нұрын шашқан таң-ай,
Танға құмар жан ай.
Бір-біріне тәуелді,
Мың миллион сан-ай.

Тән тірегі жан-ай,
Жан құрделі мән-ай.
Ар-намыска садака,
Жанымыз құрбан-ай.

Төл тіліме баяумыз,
Салт-санага таяумыз.
Дамытуға елдікті,
Шала ұйқылы ояумыз.

Мемлекеттік тілдейміз,
Сол тілді біз білмейміз.
Тілінді үйрен дегенді,
Ілтипатқа ілмейміз.

Мәңгүрттерді жын дейміз,
Жайбасарды кім дейміз.
Марғай жүрген жерлесті,
Ширатуға үндейміз.

ЖАСТАРҒА

Өнерлігे жанаса,
Өрнекте істі жаңаша.
Пайдалы үлгі ісіңнен,
Халқым көрсін тамаша.

Ділдарай-ділдарай,
Жігіт пенен қыздар-ай.

Шартарапка шарықта,
Бетінді бұр жарықта.
Қындыққа мойыма,
Белең алған нарыққа.

Қайырмасы.

Көзқаманға қосылма,
Жат айтты деп жасыма.
Өз халқына еңбек ет,
Өзге жүрттан тосылма.

Қайырмасы

Бос мактанып шалқыма,
Тілінді үйрет халқына.
Түзе салт пен санаңды,
Үйрет дәстүр жалпыға.


Қайырмасы

Қыз, жігіттер, жас буын,
Жоғары ұста ел туын.
Өркениет елге ұмтыл,
Болашаққа бел буын.

Қайырмасы

Әруақты елге ие бол,
Ие бол да киे бол.
Көмек беріп халқына,
Жүк көтерер түйе бол.

Қайырмасы



Дүниеге қызыкла,
Ерме жемкор, бұзықка.
Адал істеп жетіндер,
Шапагатты сыйықта.

Қайырмасы

ӨМІР НАРҚЫН БАҒАЛА

Балдәурен жастық өтті басымыздан,
Тойлаган шат қызықты жасымыздан.
Дос-жаран, құрбы-құрдаң бәрі кетті,
Күні-түні арылмаган қасымыздан.

Өмірдің масайраған алды қызық,
Кездесер кедергіге үзік-үзік.
Қүресіп өмір үшін жүргенінде,
Бұрды сара жолдан сансыз бұзық.

Жайнаған жаз күніндей өмір өтті,
Қартайып ат шалдырап мезгіл жетті.
Жастықтың жалындаған қызық шағы,
Мереке, ойын-күлкі өтіп кетті.

Белдескен айтыс-тартыс, өмір-майдан,
Кездесер ер жігітке әрбір жайдан.
Әділет, зұлымдықпен тайталасар,
Кей адам сырт калмайды осы жайдан.

Жалғанда тірлік еткен әрбір пендे,
Осы екі әрекеттен емес кенде.
Алысып зұлымдықты шындық женер,
Өмірде көріп жүріп мен де, сен де.

Жетесіз шаттанады құліт-ойнап,
Ескермес елдің қамын терең бойлап.
Өтеді тіршіліктің мәнін білмей,
Баянсыз бұл пәниде тойын тойлан.

Өмірдің адамзатқа алды жарқын,
Алады жас кезінде жастар қарқын.
Өмір мен заман жайын бағдарлай біл,
Тірлікте бағалай біл өмір нарқын.

ШАТТЫҚ ЖЫРЫ

Елімде егеменге он жыл толды,
Халқымыз енді көрді еркін жолды.
Теңдікті қолдарына алған елім,
Жеріне ата-баба ие болды.

Дамыды елімізде тіл мен ділім,
Балалар өз тілінде алды білім.
Өз халқын өзі билеп арыстарым,
Жайнады ой мен қырды қызыл гүлім.

Қаллаләлім лиләләлім лилалай,
Қаллаләлім лиләләлім лилалай.

Еркінше айтып жатыр әркім ойын,
Ел іші жасап жатыр ерлер тойын.
Танылды бар әлемге өнерлі жан,
Биlegen шаттық, ән-күй өне бойын.

Сан ұлтпен елімізде салдық сайран,
Тыныштық, бірлікке жұрт қалды қайран.
Бұзылды қарсы тұрган кедергілер,
Жаңаша қайта құрган бұл бір майдан.

Қаллаләлім лиләләлім лилалай,
Қаллаләлім лиләләлім лилалай.

Еуропаң ақылды емес бізден артық,
Босқа жүр ақыл-оиды соған артып.
Адамдық касиеттің бәрі бізде,
Алға бас әділетті жолмен тартып.

Елбасы шапқылап жүр әрбір тұска,
Көрсетіп кейбіріне ақыл-нұска.
Танытып қазак деген елді әлемге,
Қолданып саясатты іш пен тыска.

Қаллаләлім лиләләлім лилалай,
Қаллаләлім лиләләлім лилалай.

БАСЫМНАН ӨТКЕН БАҒЫМДАЙ

Әні: Мейрам Ермекбаевтікі

Балалық өтті сағымдай,
Жүремін қалай сағынбай.
Қылышы мен қызығы,
Басымнан өткен бағымдай.

Қайырмасы

Балдәурен шіркін көктемім,
Білмей де қалдым өткенін.
Самайдың шашы ағарып,
Кәрілкітің сездік жеткенін.

Табиғат кезіп жас шақта,
Есірген есіл мас шақта.
Еске аламыз сол кезді,
Алпыстан қазір ассак та.

Қайырмасы

Қызық кой бала кездерім,
Қайдасың, достар, өздерін.
Әзіл-шыны аралас,
Сагындым талас сөздерін.

Қайырмасы

Бір жерде уақыт тұрмайды,
Тоқтаусыз мезгіл зырлайды.
Сайрандал өткен күндерім,
Елестеп ойды тырнайды.

Қайырмасы

Көңілден, көзден кетпейсің,
Жаныма дауа етпейсің.
Алыстан кеткен қызықка,
Қолынды созсан, жетпейсің.

Қайырмасы

МОЛШЫЛЫҚ ЭҢІ

Масайрайды ауылым,
Бітік шыкса ақ бидай.
Қуанады қауымым,
Астығы мол көніл жай.
Гүлдейді өмір жайнай,

Әр отбасы үйінде.
Тұрса қажет нан мен май,
Артар көніл-күйің де.
Жетіп тұрса қант пен шәй.
Жүресің жолыңнан таймай.

Дастарханың мол болса,
Уайымсыз көніл шат.
Тірлікке ұзак жол болса,
Өркен жаяр адамзат.
Ашылар көзің шайдай.

Үсті ырыс, асты кен,
Казынага елім бай.
Шетелдермен болдық тен,
Керек заттың бәрі сай.
Нұрлансын еліміз айдай.

Орман, тогай, аскар тау,
Өзен, бұлак, көлдері.
Егіндік пен бақша-бау,
Егеменді елдері,
Жасай бер жеңісті тойлай.

Ыбырай Садыбайұлының «Қызыл асық» әпінің әүенімен

ҚЫЗЫЛ ӨРІК

Қыз емес қыздың аты Қызыл өрік,
Жараскан келбетіне шырай-көрік.
Салт-сана ел дәстүрін білген ару,
Сүйкімді бір жігітке болсын серік.

Қыз емес қыздың аты Қызыл алма,
Сабағын байкаусызыда үзіп алма.
Сыпайы танысадың жолын білмей,
Бір татпай балдың дәмін бұзып алма.

Сүйікті бойжеткенге болсаң ғашық,
Дидарлас сол адаммен қоюл ашық.
Жакындап жанасатын сөз таба алмай,
Кетеді кей жігіттің құты қашып.

Жарығы түндегі айдың күндізгідей,
Қадірін ер жігіттің қыз білгендей.
Еркіне қыз байғұстың қоя берсөн,
Үйіне есік ашып кіргізгендей.

Аруға ғашық болып тұрсан ұйып,
Кетесің оны тастап қалай қыып.
Иіліп пейіл беріп, бейімделсе,
Сол жерде алмайсың ба сүйіп-сүйіп.

Жакын жүр аруменен тіл қатқандай,
Қылығы ақынға ұнап жырлатқандай.
Әдепті мінез сақтап, әнгіме айтса,
Ұқсайды тар төсекте бір жатқандай.

Парықсыз арнағанша жырды текке,
Әдейі арнап жаздым Жәнібекке.
Ақынның «Қызыл асық» ауенімен,
Жұлқынтып қыздыра айтын қалың көпке.

XI. АРНАУЛАР

МӘШІҮРГЕ ТІЛЕК

Екібастан асыға,
Келдік ата, басына.
Дертімізге шипа ізден,
Түнейік деп қасына.

Тағдыр мені сыйнады,
Бұл Аллаға ұнады.
Үй тіреуі азайса,
Арты немен тынады.

Келген едім басына,
Ел жиылған асына.
Айта алмадым өлеңмен,
Жұз елу жыл жасына.

Иманды бол атамыз,
Қабыл болсын батаңыз.
Бір Аллаға сыйынып,
Тілек тілей жатамыз.


НҰРСҰЛТАНҒА ТІЛЕК

Нұрсұлтанға жетпіс жас,
Шымыр болып алға бас.
Денсаулығың мықты бол,
Аман-есен жүзден ас.

Атың шықты әлемге,
Таныс болдың бар елге.
Әділетті жаһанға,
Ісің менен дәлелде.

Егеменді шагында,
Халқымыздың бағына.
Жұзге шейін аман-сая,
Жасай берші тағы да.

Токтамасын шабысың,
Үдей берсін табысың.
Дүркіретсін әлемді,
Әділетті дабысың.



ИСЛАМ ЕРБҰЛАНҰЛЫ ҚҰРМАНҒАЛИТЕГІНЕ

Сенің тегің орманшы,
Бос сөздерден қорғаншы.
Орта жүзде Сүйіндік,
Орманшы деп толғаншы.

Бес Мейрамнан тараган,
Нашарларға қараган.
Кадірлі бол халқыңа,
Жұрт сыйлауға жараган.

Жүрсін күнім шыракты,
Затынды біл бірақ та.
Ұлы Арғыннан тараган,
Бес Мейрамға тұракты.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВҚА

Ардақты Аймауытов қайтып келген,
Егеменді еліміз қайтып берген.
Еңбектерін өртеден елге тарап,
Оқығандар халыққа айтып берген.

Кездескен кедергінің бәрін сырып,
Жатырмыз біз өмірді қайта құрып.
Еске алып өздеріңдей агаларды,
Жатырмыз ақиқатқа істі бұрып.

Қысымшылық қыспақты занды тілдеп,
Жағдай түр «Халқын сүйген ерді біл» деп.
Жайрандал ел ішіне қайта келдің,
Жайнаған жаз күніңдей қайта гүлдеп.

Ері үшін елі жүрді мұнға бойлап,
Қапыда қаза тапкан ерін ойлап.
Ардақты азаматын қайтып алып,
Ел іші мерекелеп жатыр тойлап.

ЛӘЗЗАТҚА

Жұрт елемес Ләззатты,
Тағдыры оның тым катты.
Өзгесінен ерекше,
Жағдайы оның тым батты.

Жастан қалдың анадан,
Қамкор болар панадан.
Омірінді алдағы,
Тағдыр өзі канаган.

Дес бермей егесе,
Үйленді жат шешеге.
Құтпеді сені кісі ғып,
Көгерпеді көсеге.

Қамкор болар женгесі,
Омырауда алтын теңгесі.
Женгесі ой бөлмесе,
Жоламайды өзгесі.

Онжылдықты тауыстың,
Шаруа істеуге ауыстың.
Аған қойып бір жерге,
Енбекпенен қауыштың.

Құтты болсын жұмысың,
Ұзак болсын бұл ісің.
Балаңменен көп жаса,
Тоқтамасын тынысың.

ТҮРСЫНБАЙҒА

Немере інім Тұрсынбай,
Атаң сенің Құнанбай.
Жүріс-тұрқын байсалды,
Өз шаруанмен жүрсін жай.

Тұлған тартқан атама,
Бірі ұқсамай жата ма.
Осы жүрген қалпына,
Жат істерді матама.

Жұмысың жоқ қақ-сокта,
Катыспайсың мен жоқта.
Басқалардай таласып,
Көз салмайсың сен боққа.

Мамандығың дәрігер,
Малды сактау әбігер.
Ұқыптысың ісіне,
Дәлелдейді жәдігер.

Бастан өмір өткізіп,
Бәлелерді кеткізіп.
Аман-есен жұз жаса,
Балаларды жеткізіп.

АЙТҚАЛИҒА

Баскага ой бұрмайын,
Өлең-жырды сырлайын.
Әбектейтін кіші ұлым,
Айтқалиды жырлайын.

Ерке сәби кезінде,
Бірбет едің өзің де.
Өсе келе шыдамды,
Болдың қайсар, төзімді.

Жетім қалып шешеңнен,
Кем қалмадың ешкімнен.
Бұзық іске жоламай,
Аулак жүрдің кеселден.

Жогары алып білімді,
Мамандығың білінді.
Бала сүйдің үйленіп,
Жайнаттың кос гүлінді.

Жоламайсың жиынға,
Қызықпайсың тиынға.
Сыр бермейсің жүрсөң де,
Кездесіп мың қыынға.

Ерінбейсің еңбектен,
Тұрмысты еңбек жөндеткен.
Еңбексіз кей адамды,
Тұрмыстары мендеткен.

Соқтықпайсың адамға,
Баспайсың жат қадамға.
Еңбек етіп кунұзын,
Жоламайсың наданға.

Көзімнің сен нұрысың,
Өзгесінен ірісің.
Ұзақ болсын жастарың,
Отбасың мен жүрісің.

ҰЗАҚ БОЛСЫН ӨЗ ЖАСЫҢ /Құрманғалиға/

Балам едің алғашқы,
Іні артынан жалгасты.
Ата-анаңды қуантып,
Көніл-күйін дәл басты.

Тәрбие алдың апанда,
Тұсірмеді ор-апанға.
Тоңдырмады сүйкка,
Орап алып шапанға.

Білім алып үйлендің,
Шаруанды үстайтын күйге ендің.
Мамандығың бойынша,
Ел басқарып күйлендің.

НЕМЕРЕМ ЕРБҰЛАНҒА


Немерем бар Ербұлан,
Сый қутемін мен одан.
Парасатты адам боп,
Көпке жақсын ер ұлан.

Білім алып ер жетті,
Оңға бүрдыш келбетті.
Шаруа қуып үйленіп,
Келін бесік тербетті.

Өнім берсін ісіңе,
Куат берсін қүшіңе.
Сене берме анқылдал,
Жолдас болған кісіңе.

Өмір суру-қының жол,
Өзгелерден мильты бол.
Тәрбиелен үл-қызыңды,
Ата-анаңа сыйлы бол.

Жайлы болсын өңірің,
Шаттық болсын көңілің.
Отбасыңмен көп жаса,
Ұзақ болсын өмірің.



ЕРАЛЫГА

Ералы оқу тауыстың,
Мамандыққа ауыстың.
Ондріске түстің де,
Еңбекпенен қауыштың.

Құтты болсын бұл ісің,
Орындалсын жұмысың.
Тіршілікте, еңбекте,
Тарылмасын тынысың.

Үдей берсін табысың,
Еңбекпенен қабысып.
Жарысқанда еңбекте,
Бәйгені алсын шабысың.

Сыйла әке-шешенді,
Жіберме үлес-есенді.
Ұрыздығың молайып,
Ортайтпасын кесеңді.

Бірлік болсын өңірің,
Жаркырасын көңілің.
Әке-шешен, келінмен,
Ұзақ болсын омірің.

МАҒЗИЯГА

Білім алдың жігермен,
Босап шықтың шідерден.
Ынта-жігер, талапты,
Тағдыр саган жіберген.

Бас койдың сен білімге,
Жайнады енді гүлің де.
Ой-сананды жарқырат,
Жаман іске ілінбе.

Есіңе алып заманды,
Алдың ұстаз мамандық.
Білімді етіп шығару,
Елдегі жас адамды.

Кемдігін көріп жетімнің,
Өзің оқып-жетілдің.
Анадан көрмей тәрбие,
Бар қырсықты кетірдің.

Әкеден көмек болмады,
Өгейге көңіл толмады.
Бала мен өз тағдырын,
Бір Аллаға жолдады.

Демеу болды бір ағаң,
Абырой болды бұл саган.
Құрманғали тұрганда,
Кемімейді өз бағаң.

Аман болсын өз басың.
Сыйлай берсін дос-қасың.
Аман болсын балалар,
Ұзак болсын өз жасың.

НЭРКЕС НЕМЕРЕМЕ

Түсірген соң біз еске,
Жыр арнайық Нәркеске.
Шықпайсың сен ойымнан,
Күндіз түгіл әр кеште.

Болсын десен жақсы хал,
Оку оқып, білім ал.
Ата-анаңды күт-дағы,
Қогамды үдеть, үлес сал.

Тұрмысынды гүлдендір,
Өмірінді түрлендір.
Өзің жүрген ортаңды,
Ерекше бір түрге ендір.

Тіршілікке алдын бет,
Өмірінді өркендет.
Алға бассын жұмысың,
Біліміңмен өрге жет.

Ырыздығың мол болсын,
Саған әркез жол болсын.
Ұзак жаса өмірде,
Менен тілек сол болсын.



АРМАН-ОЙЫМ ӨЗІНДЕ

Барлық ойым Гүлденде,
Артықсың сен ұлдан да.
Ақыл берсін бір Алла,
Аман бол ай, жылдан да.

Ал да өзің білімді,
Менгер керек ғылымды.
Елімізге қажетті,
Жайнат қалқам гүлінді.

Үміт еткен үкілім,
Қоңсын соган ықылым.
Жүзге дейін токтамай,
Соқсын жүрек лұпілін.

Сен көзімнің нұрысың,
Отаның сен жырысын.
Көп қауымға ұнасын,
Жүріс пенен тұрысың.

Тұрактылық сөзінде,
От-жалын бар көзінде.
Әке-шешең тілегі,
Арман-ойы өзінде.

ҮЛКЕН АҒАҒА

Қарап оң мен солына,
Қалам алдым қолыма.
Аз хикая жазайын,
Ақ қағаздың жолына.

Жырмен жазып хатынды,
Баяндайын затынды.
Елде елеусіз жан едің,
Естіртейін атынды.

Орманшы еді еліңіз,
Қызылтау еді жеріңіз.
Ұрпағың өсіп бір кездे,
Оңынан тұрды желіңіз.

Дүние жалған аллады,
Қара жер бәрін жалдады.
Бес-алты ұлдан артында,
Ешбір ұрпақ қалмады.


Қазага шыдап қарысқан,
Қайраты мол арыстан.
Қарсы тұрып кайғыға,
Төзімдікпен алысқан.

Кемдік көрдің басында,
Еңбек еттің жасында.
Ұрпақсыз өттің жалғаннан,
Жетпіс екі жасында.

Қайғысыз туып анадан,
Дүние қамын жемедін.
Таршылық көрсөң қысылып,
Енді қайтем демедін.

Ел көңілін жықпаган,
Жұртпен қабақ шытпаган.
Ағайын, туыс, досынан,
Адал дәмін тықпаган.

Өтірік, өсек қумаган,
Ондай жан бол тумаган.
Кемшілік болса бойында,
Кетірем деп жумаган.



Бұзық жолға түспеген,
Адал кәсіп істеген.
Қартайса да үрпақсыз,
Қайғы сүйн ішпеген.

Әділетке құл болған,
Адамдарға ұл болған.
Шыңға шыққан бәйтерек,
Бүршік жармай тұл болған.

Мезгілсіз кеткен болар ма,
Суалған көл толар ма.
Тарихта ізсіз сан кеттің,
Көзінді салны соларға.

Ерсі іске көз салмадың,
Ездің тілін алмадың.
Ежелден обыр кара жер,
Есіл бір жанды жалмадың.

МҰҚАШ АҒАҒА

Алпыстан асқан жасында,
Мұқаннан тыныс тоқтады.
Ағайын-туыс басына,
Шуласып келіп жоқтады.

Жаралғалы жасынан,
Бейнет еді көргенің.
Өткіздің көп іс басынан,
Қолөнер еді болгенің.

Ержеткелі өзінің,
Денсаулығың кем еді.
Ебі құшті сөзіннің,
Шешендерге тең еді.

Айтқан сөзі жүртқа ақыл,
Біліп айтар ыңғайын.
Сөзі үлескен бір нақыл,
Істің шешер ыңғайын.

Тілі сөзге сылдырап,
Көрінуші еді шешендік.
Көбі сөзден құлдырап,
Бар деп ойлар кесемдік.

Кейде сөйлер керіліп,
Сыр тартар жай қуланып.
Далел таппай беріліп,
Есенгірер уланып.

Іс негізін қумастан,
Қисынына зер салар.
Шерте келсе ку бастан,
Куырдактық ет алар.

Қайрат қылып қарысып,
Әділетті жақтадың.
Залым болса шабысып,
Адамдықты сактадың.

СӘТБАЙ БОЛАТҰЛЫН ЕСКЕ АЛУ

Жастай калдың анадан,
Түледің сен жаңадан.
Білім алдың, оқыдың,
Шет калмадың санадан.

Еңбек еттің жасынан,
Дос кеппеді касынан.
Елге жайлыш мінезің,
Абыройыңды асырган.

Сендей өзің күшіне,
Адал болдың ісіне.
Көмегінді көрсеттің,
Зәру болған кісіге.

Сыйлы болдың халкына,
Ұнап едің жалпыға.
Өсек-аян, бос сөзбен,
Тұспедің сен талкыға.

Шығармай істі уыстан,
Қол үзбедің туыстан.
Катынасып, сыйласып,
Ата жолын қуыскан.

Иман берсін басына,
Періште келсін қасына.
Оттің сәтбай дүниеден,
Алпыс екі жасында.

Көрі емес ед сол жасын,
Солай дейді дос-қасын.
Ғұмырлы боп балалар,
Аман болсын отбасын.

ЕРМЕКБАЕВ МЕЙРАМНЫң ТОЙЫНА

Мерейтойын өткізді Мейрам інім,
Дұылдатты думанды сол бір күнін.
Асқақтап ән шырқалып, күй төгілді,
Жиналған жұрт естіді әуез үнін.

Аймакка ән-күйінді шалқыта бер,
Әуелетіп аспанға калқыта бер.
Сырлы, сазды сиқырлы әндерінмен,
Ән сүйгеннің жүрегін балқыта бер.

Ақын мен сазгер – екеуі егіз,
Тартымды жыр салады әнге негіз.
Ән шырқау ісіне жеміс тілеп,
Әркімдер айтып жатыр жылы лебіз.

Тал бойынан өнерің өрлей берсін,
Елдің ішін ән мен күй керней берсін.
Өлең-жырды сүйетін халқымыздың,
Жүректерін жақсы әнін тербей берсін.



МАШРАПТЫҢ БАЛАСЫНА АРНАУ

Жайсыз хабар естілді,
Куанышты сап тиды.
Қатал тағдыр әкетті,
Арамыздан есті ұлды.

Басқа салды ауырды,
Алды бізден тәуірді.
Ажал-нәубет әкетті,
Жас азамат, бауырды.

Пейіштен есік ашылсын,
Алдынан нұр шашылсын.
Алланың адап құлдары,
Мәртебесін асырсын.

Жараткан хак демесін,
Әулиелер жебесін.
Бір Алла өзі жар болып,
Оңға бұрсын кемесін.

Ибалы еді елге атың,
Иманды бол бекзатым.
Аман болсын артында,
Үрпақтарың, жекжатын.

Жайлы болсын тұрагың,
Женіл болсын сұрагың.
Қиямет күні макшарда,
Иманды болсын шырағым.

ЖАСЫБАЙ МЫРЗАҒА АРНАУ

Жомарт мырза Жасыбай,
Байыдым деп тасымай.
Жұртқа көмек бересін,
Баскалардан асып-ай.

Мешіт салдын ауылга,
Ауылдағы бауырға.
Атақ-даңқың естілді,
Аймақтағы кауымға.

Мұқалмасын қүшініз,
Нұрлансын бет-түсініз.
Дін жолына арнаган,
Саяп болды ісініз.

Жаркырасын шырағың,
Арқырасын пырағың.
Абыройың асқақтап,
Бағың жансын шырағым.

Ырыздығың тамшылап,
Жаңып тұрсын шамшырап.
Кәсіпкерлер ішінен,
Алдына шық қамшылап.

Құтты келін Раушан,
Елде сирек сендей жан.
Пейілі кең өзінді,
Естіп халық болсын таң.

Несіпті Алла селдетсін,
Руслан ержетсін.
Білім алып, үйленіп,
Келін бесік тербетсін.

Бастарына бақ қонсын,
Астарына тақ болсын.
Отбасына Жасыбай,
Әруақ құдай жақ болсын.

Ырыздығың мол болсын,
Қайда барсан жол болсын.
Оңға бассын жұмысың,
Бізден тілек сол болсын.

Әділетке алдын бет,
Жұртқа арнадың ақ ииест.
Отбасынмен Жасыбай,
Бақытты бол, жүзге жет.



ҚАРЫНДАСТАР МЕН КЕЛІНДЕРГЕ

Қарындастым Фалия,
Еліңе бол жария.
Иман берсін өткенге,
Аман болсын жанұя.

Біз білетін Зайдасың,
Бұрынғыдан майдасың.
Қартайганды өмірің.
Жазғы гүлдей жайнасын.

Костым келін Сараны,
Өзгелерден дараны.
Айырасың тірлікте,
Ибалы ак-қараны.

Айтайын мен Шолпанды,
Таны туыс, ортанды.
Елдің жайын білгеннен,
Сұра қалқам қолқаңды.

Атағаным торт есім,
Басқа жазам мен несін.
Мұны берген Қаратай,
Білмеймін мен өзгесін.

КӘРІМОВ ЗЕЙНОЛЛАНЫң 75-КЕ ТОЛУЫНА ОРАЙ

Қабыл болсын аруаққа берген дұған,
Тілекtesіп келіп тұр бәрі бұған.
Ата-баба аруағын есіңе алдың,
Зейнолла бұның сауап іс деп ұғам.

Құтты болсын жетпістен асқан жасын,
Халқыңда ардакталын алтын басын.
Бабаларға саудабы тие берсін,
Екеуін де еске алып берген асын.

Бертіс, Жака ұрпағын әкең Кәрім,
Оянды өзгеше бол намыс арын.
Бұрынғы аруақтарды есіңе алып,
Жинадың дұға етуге жүрттың бәрін.


Ұрпаксыз қалған аруақ нетер еді,
Жалғанда еске түспей кетер еді.
Бабаларын еске алған Зейнолланы,
Аруақ құдай сауапқа жетеледі.

Қазір жүртта каражат болса күйі,
Аруақты еске алады жиі-жій.
Өзін ойлап аруақты қадірлекен,
Зейнолланың жасаган үлкен сыйы.

Әрқайсының өздерінше аскар таусын,
Жаксылықтын бәрі де сендерге аусын.
Өзін ойлап аруақты есіне алған,
Зейноллага Алланың нұры жаусын.

Аруақтарға дұғамыз тие берсін,
Қолын жайып, жүрт басын ие берсін.
Қадамың сауап болсын жиылған жүрт,
Бір Алла өз құлым деп сүйе берсін.

Төңкеріліп құбылған мына заман,
Аман болсын отбасы бала-шагаң.
Балалардан немере, шөбере сүй,
Келін менен жүзге жет есен-аман.



УАХИТТЫҢ БАЛАСЫНЫң ҚЫРҚЫНА АРНАУ

Бісімілләй сөз басым,
Өмірден ажал өз басын.
Қасірет-қайғы салмасын,
Қыска қылмай ер жасын.

Топырактан асылын,
Адамзаттан нәслін.
Ой-сананы өзгертті,
Өтіп кеткен гасырдын.

Заман бір соққан жел еді,
Толқыны таудай селдеді.
Ортасында солардын,
Алсын адам келеді.

Өлмей адам қалмайды,
Қара жер бәрін жалмайды.
Жарапалы тіршілік,
Бұл әдеттен талмайды.

Назаланып жалғанға,
Талайшар кетті арманда.
Иман берсін балаңа,
Өмір берсін қалғанға.

Шешең де отті жалғанинан,
Косем де отті жалғанинан.
Жастай кетті арысын,
Дүға тисін қалғанинан.

Тағдырга қылар айла жок,
Қаралы болған кайда жок.
Алланың салған ісіне,
Қолдан келер пайда жок.

Өмірге көңілі ток еді,
Көретіні көп еді.
Ағайын-туыс, жақынға,
Еш залалы жок еді.

Кемел жасқа жетпеді,
Тағдыр рахым етпеді.
Қайғы салды артқыға,
Бақиға ерте кеткені

Дуниеде адам көрікті,
Тірлікке бұлсыз келіпті.
Әмірімен Алланың,
Кетуге құнсыз ерікті.

Келеді жалғас жыл тағы,
Еткізер үміт бұл тағы.
Әркендер өсіп ер жетсін,
Артында қалған үрпағын.

Жарқырасын шырағы,
Женіл болсын сұрағы.
Жастай кеткен мақсаттың,
Пейіштен болсын тұрағын.

АБЕНОВ ШАХТАЙҒА


Туысмыз Шактайсың,
Қандасынды жақтайсың.
Әр жақтағы жекжатты,
Есіне алып сақтайсың.

Естіртесің затынды,
Естіп журміз атынды.
Ағайын мен жерлеске,
Ақылынды айт татымды.

Сен деп туыс кісімді,
Көп көрмеппін түсінді.
Құрмет тұтат өзіннін,
Обкомдағы ісінді.

Нұрын төксін құніміз,
Жетсін жұртқа үніміз.
Жүре берсін аман сау,
Сен сияқты ініміз.

Сен сияқты арысым,
Бәйгені алсын жарысың.
Отбасыңмен жұз жаса,
Орындалсын бар ісін.



МҰРАТ ЖЕКСЕН ҮРПАҒЫНА /Орманды шежіресіне демеушілік жасады/

Шығайық біз қыратқа,
Жыр арнайық Мұратқа.
Қасіпкер бол қалада,
Мініп жүрсің күр атқа.

Үрпагысың Жексенге,
Өнер кетпес тепсең де.
Сендей жомарт табылmas,
Қара жерге ексең де.

Жомарт қолды ашықсың,
Жаман істен қашықсың.
Мұқтаж болса қандасың,
Көмек беруге асықсың.

Абыройың төрлесін,
Ісің алға өрлесін.
Тіршілікте өз басың,
Қындықты көмесін.

Сыйлай берсін достасың,
Аман болсын отбасың.
Қуат берсін құдайым,
Жұзге жетсін өз басың.

ҚАБДОШ ПЕН НАГАШЫЛАРЫ

Жыр арнайык Қабдошке,
Нагашың Шәріп түсті еске.
Үрпактары еске алсын,
Ұмытылды деп шорт кеспе.

Семіз қылыш арыкты,
Оқытты әке Шәріпті.
Білім алыш ержетті,
Бойына өнер дарытты.

Ел орнынан ауганда,
Партия орнағанда.
Коммунистік билеуші,
Басшы қылды ауданға.

Мінді тақты жаламен,
«Халық жауы» саламен.
Қалды жары Максурा,
Болат деген баламен.

Өсіп жатыр үрпагы,
Бұл сөздің жоқ бұлтагы.
Жиен Қабдош коріп жүр,
Дұрыс болды бұлтагы.

Арыз-шагым кері кетті,
Қайғы бойды тербетті.
Үрпак өсті Болаттан,
Қабдош-тағы ер жетті.

ҚАЛИЖАН БЕКҚОЖИНГЕ

Ержеткен «Тәттімбетте» Қалижанды,
Жырлады Жагор қызы Мәриямды.
Дударды жаны сүйіп, гашық болған,
Окыдым дастан-өлең, жариянды.

Шынайы маҳаббатының шын тұлғасы,
Әйгілі түгел білген дос пен касы.
Айтса да денесіне дарымады,
Би-болыс, молдалардың аткан тасы.

Үза боп озбыр күшке жаны күйген,
Жас қыран қанатына жалын тиген.
Ту қылған маҳаббат пен ұлт достығын,
Көп жанның арманы сол жаны сүйген.

Кітаптан оқып білдім Мәриямды,
Поэма, өлең-жырдай дариянды.
Кейінгі ұрпактарға таныстырдын,
Ертерек өтіп кеткен кариямды.

Дудар да көп жасамай, қаза салған,
Басынан өтіп кетті пәни жалған.
Белгісіз қай аймакта рухы жатыр,
Бар ма екен ұрпағынан кейін қалған?

Қалижан өлең етіп жазған мұны,
Айтып жырлары мен кітапқұны.
Маҳаббат, достық үшін тайталаскан,
Кісілік, парасаттың бұл бір шыны.

БАУЫРЖАН

Асқан батыр Бауыржан қол бастаған,
Ерлігімен үлгілі іс тастаған.
Қабан тұмсық қайысқан қалың жауды,
Мәскеудің түбінде сол жасқаған.

Нажагайдай жауына жаркылдаған,
Аузын ашқан ажалдан тартынбаған.
Батальон тен түсіп армияға,
Кездескен өзінен артылмаган.

Қантаган жау Отанға әрбір тұстан,
Желкеледі қылып жерді құшкан.
Қан қөксеген жауыздар қан майданда,
Батырлардың колынан мұрттай ұшқан.

Тайсалмаган қорғанып атқан оқтан,
Жалын шашқан жауына жанған шоқтан.
Қарсыласқан жауызды қансыратқан,
Қансырата мандайдан қарсы соққан.

Жаудың басым күшіне қарсы тұрган,
Бар карумен төбеден нықтап ұрган.
Өз шептерін өзіне көр ғып сыйлап,
Олім тілеп келгенде түгел қырған.


Тұтқылдан жауларға оқ боратқан,
Денесін қызыл жалын отқа оратқан.
Батылдық, тапқырлықтан үлгі үйреніп,
Жауынгерлер шыныққан шын болаттан.

Отан үшін ерлері жанын қиган,
Күш-куатын бойына түгел жиған.
Батырлық пен ерліктің кілтін ашып,
Қайрат, жігер, ыза, кек-түгел сыйған.

Тәндеріне жауыздың қан қатырған,
Жау күтпеген жерлерден оқ атылған.
Қайысқан жау каймығып, қайта қашып,
Соккы жеді онбастай ер батырдан.

Талай қыршын үзілді қын жерден,
Іс шығарды шешілмес түйіндерден.
Екі-үш есе жаулардың басым күшін,
Ешуақытта жері жоқ бұйым көрген.

Ер қайратты, айлакер, батыр тұлға,
Ел сүйсінді ырза бол мұндай ұлға.
Бауыржаның ел үшін ерлік ісі,
Аңыз болып қалады ғасыр, жылға.



ЕЛТАЙФА ТІЛЕК

Айтайық біз ер жайлы,
Келді реті онтайлы.
Сәті түсті айтуға,
Ер азамат Елтайды.

Білдірейік атынды,
Түпкі негіз затынды.
Бар қазакқа әйгілі,
Таныс қылған жатынды.

Арғы бабаң Бөгенбай,
Ақылына ісі сай.
Жаудан елін көрғаган,
Талай жыл мен күн мен ай.

Құдиярдан тараған,
Ел құрметтеп қараган.
Арби, Шәпи, Толеубай,
Сый-құрметке жараган.

Откеннен қалса өсиет,
Үрпақтар соган бас иед.
Жаксы істерің бойдағы,
Бабадан қалған қасиет.

Құтты болсын тойыңыз,
Орындалсын ойыңыз.
Куанышты қызықтап,
Көтерілсін бойыңыз.

Табысты өтсін саланыз,
Куанып оған қаламыз.
Бақытты бол омірде,
Той жасатқан балаңыз.

Сәнді болсын сәулетің,
Өркендесін дәүлетің.
Өсіп-өнсін артында,
Бала-шага, әuletің.

Жомарт откен Атымтай,
Пейілің кең соган сай.
Ырыздығың молайып,
Алла өзінді қылсын бай.

Жолыңа бөгет болмасын,
Қыдыр болсын жолдасын.
Өмір жасың ұзак бол,
Аруақ құдай қолдасын.

ШЕЖИРЕНІ ЖАЛҒАСТЫР

Ғасырдан ғасыр кетер заман ауып,
Үрпактар өркендейді жалғас тауып.
Кімнен туып, қай жаңнан есіп-өндің.
Соны білмеу адамға үлкен қауіп.

Соны біл деп айтатын шежіре кат,
Содан шыгар ру мен бабадан ат.
Жеті атаға дейінгіні туыс дейді,
Тұбі бір аталастар болмайды жат.

Заман жылжып ілгері жосып отыр,
Әр жылда туган ерді қосып отыр.
Шежіре жалғасын тапсын әрі қарай,
Соны жаз деп жас буын тосып отыр.

Үрпакты жол-жөнекей толықтырып,
Шежіргеге жаза бер молықтырып.
Тарих бойлап, жалғасы үзілмесін,
Тіркесін шежірені толықтырып.

Шежіренді сұраса берме жүртқа,
Көрінгенге ұстасып, кірлең, жыртпа.
Қоса бер кейінгі үрпақ есімінді,
Жалғас тауып тарихын шықсын сыртқа.

Ауысып үрпақ келер әр заманға,
Багасы білінбейді кей наданға.
Қалдырдым шежіремді үрпағыма,
Жоғалтады, бермендер баска адамға.



ЕСКЕРТКІШ

Көмек күтпей өзгеден,
Іс бітірдім көздеген.
Белгі орнаттым өзіме,
Тас пен емес сөзбене.

Сөз ескерткіші бұзылmas,
Жерден құлаап сызылmas.
Мәңгі тұрмас ғалымда,
Қолдан салған тұрлі tas.

Салдым тұғыр шөп шықбас,
Басына өрлең жан бұқбас.
Ескерткішті сараптай,
Зер салмаған жан үкпас.

Келмесе де касына,
Шықпаса да басына.
Сөзден тұғыр орнаттым,
Кәрі менен жасына.

Биік емес бәрінен,
Көрінбейді әріден.
Сөз ескерткіш арнага,
Қалсын тұғыр кәріден.

АСПАНДИАРҒА ТІЛЕК

Аспандияр құлыным,
Белімдегі жұлдыным.
Кенжесі сен ішінде,
Құрманғали ұлымның.

Жарқырасын жұлдызын,
Жылтырасын құндызын.
Қайда барсан құптасын,
Перштегер күн ұзын.

Өркендесін ұрпағын,
Өсіп өнсін бұл жағын.
Ер түлектер көп болсын,
Жан солмасын бұтағын.

Ұзак болсын өмірің,
Шаттық болсын конілің.
Бірлік достық жан болсын,
Өзің жүрген өмірің.

Кыдыр болсын жолдасын,
Кедергілер болмасын,
Куанышты өмір сүр.
Аруақ құдай қолдасын.

ШЕЖІРЕНІ ЖАЛҒАСТЫР

Ғасырдан ғасыр кетер заман ауып,
Үрпактар өркендейді жалғас тауып.
Кімнен тұып қай жаннан өсіп өндін,
Соны білмеу адамға үлкен қауып.

Соны біл деп айтады шежіре қат,
Содан шыгар үру мен бабадан ат.
Жеті атага дейінгі туыс дейді,
Тұбі бірге болған соң болмайды жат.

Заман жылжып ілгері жосып отыр,
Әр жылда тұған ерді косып отыр.
Шежіре жалғас тапсын әрі ғарай,
Соны жаз деп келер жас тосып отыр.

Үрпакты жол-жөнекей жалғастырып,
Шежіреге жаза бер молықтырып.
Тарих бойлап жалғасы үзілмесін,
Тіркесін шежірені толыктырып.

Шежіренді сұраса берме жүртка,
Көрінгенге ұстатып кірлеп жыртпа.
Қоса бер кейінгі үрпақ аттарынды,
Жалғас тауып тарихың шықсын сыртқа.

Ауысып үрпақ келер әр заманға,
Бағасы білінбейді кей наданға.
Қалдырдым шежіремді үрпағыма,
Жоғалтады, бермендер басқа адамға.

КЕЙБІР ҚАЗАҚТЫҢ КЕЛІНДЕРІ

Қазактың кейбір келіні,
Жанар таудай атып тұр.
Кейбірінің мінезі,
Жанға катты батып тұр.
Ар намысты ойламай,
Жалған сөзбен сатып тұр.
Асвал өскен кейкелін
Дәмін карттар татып тұр.
Кей біреуі ибалы,
Дәстүр-салтқа жатып тұр.
Кей бірінің мінезі,
Дәстүрді ұстап катып тур.

Бетінді бұр халқына,
Тұс ата салтыңа.
Өз халқыңа сыйлы бол,
Айтарым сол жалпыңа.
Ұят аят арда ойла,
Кербезденіп шалқыма.
Бала өсіріп үйді ұста,
Түспе енді талқыға.

МАЗМУНЫ

Алғы сөз	5
I бөлім.....	9
Тарихка тағылым	9
Республика күніне	10
Жамағаттарға арнау	14
Біз казақты	18
Өркендең ел бол	20
Арман	21
Бабалар	22
Конелер	23
Халқынды сүй	24
Адамның омірі	25
II. Қарттар, сыйыну, әруак	27
Карт адамды қаската	28
Карт ермегі	28
Ісіне асық	29
Абай тойы	30
Әке өлімі	31
Дінді жат тілмен уағыздаушыларға	32
Көрілік	33
Аллаға аян	34
Құлазыған көңіл	35
Зейнеткерлер	36
Құлшылық қыл	37
III. Эйелдер	39
Ата-анаға кеңес	40
Жас келінге /немере келінге/	41
Аракқа бейім әйелдерге	42
Үрпак сипаты	43
Бөбектер	44
Бала берсін	45
Дұрыс тәрбие	46
Әдепсіздік	47
IV. Ақыл-парасат, әдет-гүрып	49
Күн сөнбесін	50
Атың өшпесін	51
Омір жәйі	52
Қазақтың сипаты	53
Ар- ождан	54
Үйқы	55
Тұған күн	56
Күткен күн	57
Бәрін сүй	57
Тисін пайдан	58
Үрлагына үлес қалдыр	59
Тура айтқандар	60

Мамыр	107
Көктем күні	108
Көкшетау-бурабай	109
ІХ. Адамның мінез-құлқы	111
Көпшілік қою	112
Бірігу	112
Қарағансың	113
Қайшы пікір	113
Маган сынап	114
Жамандықтан аулақ бол	115
Ақымак	116
Х. Өлең-жырлар	119
Кітап окушыларға	120
Сөз калады	120
Сын	121
Өлең жаз	122
Әннің көмегі	123
Әнгел күмарлық	124
Жан-ай	125
Жастарға	126
Әмір наркын бағала	127
Шаттық жыры	128
Басымнан откен бағымдай	129
Молышылық әні	130
Қызыл ерік	131
XI. Арнаулар	133
Мәшіүрге тілек	134
Нұрсұлтанға тілек	134
Ислам Ербұланұлы Құрманғалитетіне	135
Жұсіпбек Аймауытовка	135
Ләzzатқа	136
Тұрсынбайға	137
Айтқалиға	138
Ұзак болсын өз жасың /Құрманғалиға/	139
Немерем Ербұланға	139
Ералыға	140
Мағзияға	141
Нәркес немереме	142
Арман-ойым өзінде	143
Үлкен ағага	144
Мұқаш ағага	146
Сәтбай Болатұлын еске алу	147
Ермекбаев Мейрамның тойына	148
Машраптың баласына арнау	149
Жасыбай мырзага арнау	150
Қарындастар мен келиндерге	151
Кәрімов Зейнолланың 75-ке толуына орай	152
Уахиттың баласының қырқына арнау	153

Ауылым	61
Жазықсыздар	62
/Саяси күгін-сүргін жылдарының 65 жылдығына орай/	62
Көрші.....	63
Қазагым	64
Тыныштыкты қолдайық	65
Жақсылық	65
Бұзылған тәрбие	66
Санаға нұр шашылды	67
Тұрлі пікір	68
Құстар.....	68
Дәстүр.....	69
Ерше жүрсін еркектер.....	70
Әділ бол.....	71
Болындар ағайындар тату-тәтті	73
V. Жалған дүние	75
Өмірдің мәні	76
Жалған.....	76
Тағдыр ондаса	77
Ар-намыс	77
Тыйымдар	78
Жалған дүние	79
Өмір	80
Сынға.....	82
Дүние бок	83
VII. Білім, тіл ұстарту	85
Дамыт әдет-салтынды	86
Өз тіліңмен сөйлендер	87
Тілдің зары	88
Қайда кетті намысын	88
Тұр тұншығып	89
Ұнасын талаїға	90
Сөзі өлмейді	91
Көбік сөз	91
Тілмен сөйлет	92
Тіл	93
Ана тілін жөнге сал	94
Окындар	95
Kітапқа сын	96
Мақсаты сол	97
VIII. Денсаулық	99
Жаяу жүр	100
Дерт	100
Арак	101
Шай	102
VIII. Табиғат	105
Жаз	106
Наурыз	107

Абенов Шахтайға	154
Мұрат Жексен ұрпағына /орманишы шежіресіне демеушілік жасады	155
Қабдош пен нағашылары	156
Калижан Бекқожинге	157
Бауыржан	158
Елтайға тілек	159
Шежірені жалғастыр	160
Ескерткіш	161
Аспандиарға тілек	162
Шежірені жалғастыр	163
Кейбір казактың келіндері	164